

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

А.Қ. Тұрышев

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА

3 Том

Павлодар
2008

ӘӨЖ 81:39 (574)
ББК 81. 2. Каз-923
Т 84

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің Ғылыми кеңесі басуға ұсынған**

Пікір жазғандар:

Е. Жанпейісов – А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Негимов – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Т. 84. Тұрышев А.Қ.
«Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы
мифологиялық лексика» : Монография. – 3 том. –
Павлодар : Кереку, 2008. – 116 б.

ISBN

«Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы
мифологиялық лексика» – атты монография жоғары оқу
орындарының студенттеріне, бакалаврларына,
магистрларына, этнолингвистика, этимология
ғылымына қызығушылық танытқан зерттеушілерге
арналған.

ISBN

(574)

ӘӨЖ 81:39

ББК 81. 2. Каз-923

Павлодар

2008

© Тұрышев А.Қ., 2008

© С. Торайғыров атындағы

мемлекеттік университеті,

Кіріспе

Белгілі бір тілдің мифология терминдерін салыстырмалы түрде зерттеу үшін толық бір аймақтың, сонымен қатар осы тілде сөйлеуші халықтың тарихын білудің өте зор маңызы бар. Мифологияны зерттеу біз үшін жалпы қоршаған ортаны тану мүмкіндігін, Қазақстанда өмір сүрген халықтардың тұрмыс ерекшелігі, я болмаса олардың сөйлеген тілі туралы мәлімет береді, көне дәуірден бастап сауат ашып, хат таныған жазба әдеби тілге дейінгі кезеңді сипаттауға жол ашады. Бірақ та, белгілі болған мифологияны (мифологиялық терминдерді) жете танып, жете білу үшін «фантастикалық сыртқы күштердің адам ойында бейнеленуі» сияқты білім заңдылығымен қарулануы қажет. Біздің мамандығымыз бойынша, ең маңыздысы осы «бейнелену» тілде ең алдымен-лексикада қалай көрінген деген мәселені қарастыру.

Ф. Энгельс былай деп жазды: *«Но ведь всякая религия является не чем иным, как фантастическим отражением в головах людей тех внешних сил, которые господствуют над ними в их повседневной жизни, – отражением, в котором земные силы принимают форму неземных. В начале истории объектами этого отражения являются прежде всего силы природы... Этот первоначальный процесс прослежен при помощи сравнительной мифологии...»* [1, б.328].

Сондықтан да, бұл жұмыста мифологияны сипаттаудың әдістемесі зерттелмесе де, мифология терминдерінің тілдік табиғаты қарастырылады. Миф – әлемдік дүниетанымды өте әдемі қылып суреттейтін, адамдардың табиғат пен қоғамды өздігінен тану құбылысы болып табылады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың ең бірінші проблемасы бір-бірімен қарым-қатынас орнату болды. Мифтің алғашқы қозғаушы күші нақты жағдайға байланысты және қоғамдағы тәртіптің ыңғайына бейімделіп, болашақты болжау болып табылды: *«Иначе говоря, миф объяснял имеющиеся данные о мире и обосновывал необходимость тех или иных действий. В силу*

повторяемости жизненных условий для ряда поколений, миф стал выражением прошлого, повторяющимся в настоящем» [2, б.5].

Алғашқы қауымдық құрылыс адамының танымы мен таным құралының күші тым шектеулі болса, мифтің шындыққа жақындығы соғұрлым дәрежесі болды, соған қарамастан, ерекше күш адамды шынайы дүниетанымның үстінен шығарып отырды. Миф діннің алғашқы формасы және қалыптасқан әдет-ғұрыптың міндетті әрекеті де болды. Бұл ғұрыптық дәстүр адамның жеке тәжірибесі арқылы кездейсоқ пайда болмайды. Ол дербестік пен қоғамдағы объективті шындықтың жемісі. Сондықтан мифті діннің алғашқы сатысымен де балауға болмайды. Дін сенім мен нанымнан ғана тұрмайды: ол – міндетті іс-қимыл мен адамдардың заңды мінез-құлық ережесінен де тұрады. Зерттеушілер барлық діндер үш түрлі формада көрінеді: бірі – ой-қабілеттен, екіншісі – фетишизмдегі материалды ойлауға қабілетті әрекет етуші, үшінші – анимизм және магия дейді (Токарев 1964: 21-40).

Мифті біз ауыз әдебиеті жанрының бір түрі деп қана қарастырсақ, онда одан алдыңғы айтылған негізгі құрамдарды таппаймыз. Өйткені, миф бір діндік жүйеден екінші дінге ауысып жүре беруге де қабілетті. Неге десек, миф өмірдің жалпы көріністерін жарыққа шығарады. Ол кез келген дәуірде өзімен өзі ғана қала алады (Леви-Стросс 1970: 154). Бұл мифтің дүниені тануы мен берілуін жеңілдетеді. Бірақ, мифтің екінші қыры бар: «Но, с другой стороны, «миф считается священным, часто составляет тайну и собственность определенного рода или фратари. Он не рассказывается чужеродцам и чужеплеменникам» – дейді (Золотарев 1964: 279). Кей уақытта орта жастағы топтардың (өлім алдындағы қорқыныштың өзінде) өздерінің ішкі мифі болған, олар орта жастағы басқа топтардың өкілдерінен қорғаған. Кейбір мифологиялық кейіпкерлерге жиі-жиі қатаң табулық шектеулер жасалып отырған. Бұл мифтерді әсіресе, этногенетикалық зерттеу кезінде аса бағалы қылады.

Миф негізінен тайпадан тайпаға тек қана белгілі бір ерекше жағдайда, атап айтқанда өзара күшті жақындықтың және тығыз араласудың нәтижесінде ғана көшетіні белгілі болды. Бұл жағдайда миф антропологиялық типінің және терминдерінің жақын туыс атауларының (ата, шеше, ұл, қыз) этногенетикалық байланысы жағынан ұқсас келеді. «Поэтому, представляются вполне достоверными выводы этнографов о том, что «мифы распространяются вместе с потоками крови» и что «следы мифологических смешений» – деген сөз ойымызды толықтырады (Золотарев 1964: 279-280).

Мифтердің уәждемесін анықтаудың өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Мифтің құрылымдық элементтеріне сюжетті уәждер, мифологиялық кейіпкерлер жатады. Көптеген халықтардың мифтері ұқсас келеді. Айталық, барлық халықтардағы топан судың қаптауы, жер ана, аспан тәңірі туралы мифтерінің сюжеттері мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерінде айырмашылықтар мен алшақтықтар байқалмайды десе де болады. Бұл мифтер адамзат өркениетіндегі көпцентризмдік сипатының бірі болса да, соңғы мың жылдықтағы этногенетикамен байланысты зерттеудің қасында ешқандай маңызды болып табылмайды. Мәселенің мәні мынада: қандай да болмасын нақты миф дистиктивті, белгілі бір этномәдени байланысқа қажетті куә сияқты, бірақ ылғи да жеткілікті түрде күрделі болып отырады. Көптеген жағдайда мифтерге айталық, тілдік деректермен т.б. толықтырулар қажет болып тұрады. Бірақ, тілдік деректер барлық жағдайда белгілі бір қажетті анықтамалар бере алмайды. *Мифтің таралу жолы мен сөздің таралу жолы* әр уақытта сәйкес келе де бермейді. Мифпен салыстырғанда сөз адам санасына тез сіңу қабілетімен ерекшеленеді. Сөз абстракты белгілерді анықтағанда (мысалы мифологиялық) ұғым бір тілден екінші тілге көшкенде негізінен мағыналық жағынан да, семантикалық тұрғыдан да өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, *керемет, шайтан, әзірейіл* араб тілінен алынған, алғашында мұсылман дүниетанымын көрсетсе, Поволжье халықтарында негізінен тілдік

ұғымды көрсетіп, мұсылмандық негізінен тіпті алшақтап кеткен. Ал, қазақ ұғымында тілдік те, рухани мағынасы да сақталып қалған. Бұл сөздердің мағынасындағы ұғым тек қана ерекше күш иесі екендігі ретіндегі мифологиялық ұғым ғана емес, тілдік тұрғыдан да тануға болатын дереккөз болып табылады.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты мифологиялық терминдердің тілдік сипатын ашып көрсету болғандықтан, этнографиялық жағынан емес, тілдік мағыналық жағынан ұқсас мифологиялық терминдерді топтап алып, олардың фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық қасиеттерін ашуға ұмтылды. Мифтер екі топқа бөлінеді. Бірі – тәңірлік (шаман), екіншісі діни (ислам) мифтері. Қазақтар екі дінді де қолданған. Кей уақытта бір-біріне араластырып алған. Сондықтан да **діни** (ислам) мифтерін *кереметтер* және *демонология* деп екіге бөлуге тура келеді. Қазақтар әуелде Мұхаммедті білмей тұрғанда да Тәңір мен Аллаға бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақыстардың құдіретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақыстар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған [3, б.170].

М. Әуезов: *«Бізге қазақ ескілігіндегі әдебиет журнағын ісләм дінінен арғы жерден жинау тіпті қиын. Осы күнде ол ескіліктердің ізі қалмай жоғалып кетті. Сондықтан **наурыздың** да дәл өз кезіндегі салтқа кірген дұғалық сияқты көп өлеңдері ұмытылған. Бүгінде ісләмнің қалың сүзгісінен өтіп келген болымсыз жұрнақтарына қарап қана арғы заманға болжау жасауға болады»* – деген сөзімен [4, б.37],

Р.Г. Ахметьяновтың «Сравнительное исследование терминов мифологии определенного языка, а тем более целого региона имеет огромное значение для истории носителей этого языка или населения данного региона» – деген ойы үндестік тапқандай [2, б.5]. Мұсылман дініне дейін табынып келген Тәңір, Ұмай ислам дінінің

әсерінен көп өзгеріске түскен жоқ, қазақтар қазірге дейін құрметтеп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалды. Мұсылман дінінің әсерімен **демонология** қатты дамыды. **Демонология** – алғашқы қауымдағы анимистік сенім-нанымдардағы, жын-шайтан туралы ұғымды зерттейтін ілім [3, б.547]. Сондықтан да біз «демонология» терминін сол күйі қалдырдық та, қасиетті иелерді «кереметтер лексикасы» – деп атауды қолайлы таптық.

Қазақтар **онгонды-аруақ** қатты құрмет тұтты. Олар күні-бүгінге дейін **зороастризмнің** кейбір ғұрпын түсінбесе де жасап келеді. Мысалы, жас келін отқа май құю сияқты ғұрыптарды жете түсінбеді. **Зороастризмнің** – отқа табыну, **ақыр заман, о дүние** сияқты белгісі ел ішінде әлі де жақсы сақталған. Әзірбайжан, Парсы, Орта Азияның әуелгі тұрғындарының діні. **Зороастризм** дініне әу баста жақсылық пен жамандық қасиеттер бірдей кірген: табыну, өлікті көмбеу, сияқты негізгі ғұрыптар тән болған. Тәңір мен Ұмайдағы ***хормуздық** құдіреттілік таңбаларына мінәжат етті (***Зороастризм** дініндегі жоғарғы құдіреттілік). «*О тәңірім, жарылқай көр*» – деуі осының нышаны. Сөйте тұра, Алла мен Құдайды айтуды да ұмытпады. Қазіргі күні жерді, адамды жаратушы рух – ***спиритуализм** ол – бір ғана алла кейде есіне түскенде құдай дейді (***Объективті** – идеалистік концепция, әлемдегі ең алғаш жаратушы рух. Қандай дін болмасын негізін қалаған. **Объективті** көзқарас бойынша **спиритуализмдік** сенім-наным материядан тәуелсіз деп насихатталатын) [3, б.547].

Құранда «адам ең алғаш топырақтан, я болмаса балшықтан пайда болды», ал «әйел еркектің қабырғасынан жаратылды» – деп жазды. Ол **қабырғамен кеңес** деген фразеологизмге ұласты. Бұл алғашқы қағидаға қарсы келіп, адам материяға тәуелді дегенді білдіреді. Қазақтарда **фетешизмдік** наным-сенім әлі күнге дейін сақталған. Ол қазақтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, бір сөзбен айтқанда мәдениетіне сіңісіп кеткені соншалықты, қазір оны ажыратудың өзі қиынға соғады. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп мешіті ашылғанда мешіттің алдына Баянауылдан

әкелінген ақынның бір шумақ өлеңі жазылған үлкен тас қойып еді, халық сол тасқа табына бастады, бұл әрекеттерді олардың кейбірінің өздері де жете түсінбеді, түсіндіре де алмады. Ал кейбірі мешіттің ішінде құран оқып, дұға қылып жатты. Ақырында ол тасты басқа жаққа апарып қоюға мәжбүр болды. Бұл, әрине, мұсылман дініне қайшы ***фетешизмнің** сарқыны еді (*жеке заттардың құдіреті, сиқырлы, табиғаттан тыс күш, адам ұғымына тәуелсіз деген түсініктегі философиялық концепция. Діннің алғашқы сатысында фетиш – құт, діндарлар табынатын зат) жатады [3, б.547]. Мысалы: Жайағашы (молня отвод) – рух, жансыз затты сиқырлау арқылы жаңбыр шақыру. **Күн жайлатып, жаудырған қызыл туы, Өткен жыл төгілген кез малдың шуы** (Мәшһүр-Жүсіп, 79); **Анимизм** – о дүние, бұ дүние, рух, аруақ, жан, тән т.б. **Магизм** – сиқырлау, дуалау, жадылау т.б. Немесе бұлақтың, бастаудың басындағы жалғыз-жарым ағаштың бұтағына әлем-жәлем байлап, бұлақ суымен беттерін жуып-сипап жатады, бұл да көне заман белгісі болып табылады. Камалаш Биқұмар өз еңбегінде «Табиғат және діни сенім нанымдарды» екіге бөліп: 1. Табиғатқа табыну; 2. Дін – деп қарастырады [5, б.302-311].

Ш. Уәлиханов *шаманизм және ислам дінінің* үйлесіп кеткен тұстарын да атап көрсетеді (1985: 156). Біз алдыңғы бөлімді біраз кеңейтіп Тәңірлік (шамандық) таным лексикасы және діни (исламдық) таным лексикасы сияқты бөліп зерттеуді қолайлы деп таптық. Зороастризмдік белгісі бар Тәңір мен Ұмайдың дәрежесіне жағымды, жағымсыз діни мифология зерттей келгенде жете алмағанын байқауға болады. Олар іштей қызметі, мағынасы мен ұғымы жағынан бөлініп кететін тұстары болғанмен, өте тығыз жақын келетін белгілері де жоқ емес. Айталық, *тәңір мен ұмайды абыз бен бақсыға* салыстыра алмаймыз. Сол сияқты оларды *Ғайып ерен қырық шілтенмен, Бабай Түкті Шашты Әзизбен* де салыстыра алмаймыз. Бұлардың әрқайсысының өз ерекшеліктері толып жатыр. Жағымсыз мифтік бейнелерді де ажырату қиынға соғады. Мысалы: *Қараса атырабына еш адам жоқ, Көздері және кетті ұйқыға елтіп* (Мәшһүр-Жүсіп,

51). **Елті** бір қарағанда *демонология* сияқты, бірақ іс-әрекетінен *кереметтерге* жататынын байқаймыз. Рухы бар, жоталы әйелдерді **Елті*** деп атайды, олар да бақсы. ***Елті** – өзінің сиқырлық өнерімен адамдарды еліту, ұйыту-бар сана-сезімін алушы, өзіне бағындырушы. *Елті* сөзінің тегі қазіргі тіліміздегі *еліту* (Ш. Уәлиханов, 158 б.).

Ә. Диваев: Жындарға сену Азияда өте ерте заманнан бері бар. Арабтардың өзіне де ислам дәуіріне дейін-ақ оларға сенім болған, сондай-ақ орыс деревнясы да бұдан құр алақан емес. Қазақ демонологиясында араб және парсы атаулары: *жын, дию, пері* және басқалармен бірге рухтардың әлі де бірнеше өздерінше атаулары бар; оларды ислам-қазақтардың бұрынғы шамандық дінінен ығыстырып үлгермеген, бұлар: *албасты немесе марту, бишора, обыр, жезтырнақ, үббе* деп аталады дейді [6, б.53]. Мысалы: **Көн аяқ**-аяғына қайыстан, көн теріден аяқ киіп жүреді. Қаперсіз келе жатқан адамдарды бас салып мініп алады. Елсіз, иесіз жерде жүреді.

Сондықтан да, біз тәңір мен ұмайға сәл де болса жуық келетін терминдерді бір бөлек, ал бұлардан тым алыстап кеткен терминдерді бір бөлек топтап зерттеуге тырыстық. Олар *мағынасы жағынан өте тығыз бір-бірімен байланысты, былайша айтқанда мазмұны жағынан туындап, бірін-бірі толықтырады да бір тұтас желі-құрылым құрайтын* мифологиялық лексикалар болып табылады. **Тәңірлік (шамандық) лексика:** *тәңір, ұмай, ана, аба, абыз, абыш, бақсы;* **Тотемдік лексика:** *абжылан, оқ жылан, бөрі, шене, қазығұрт, ұлыма, итала қаз, інгек > сиыр, серке, алмажайындар;* **Ислам діни кереметтер таным лексикасы:** *Ғайып ерен қырық шілтен, Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қызыр Ілияс, Алып, Шайхы, Қожа, Керемет, Құдірет, Құт, Кие, Ие;* **Демонология лексикасы:** *Албасты, Ібіліс, Қара Албасты, Қызылбас, Диуана, Жезтырнақ, Шайтан, Жалмауыз, Сөрел, Кесір.* Мысалы, ұлттық салт-дәстүрлік белгісі басым, кейіннен діни мұсылмандық белгісін жамап алған *алас, наурыз, тасаттық* сияқты түрлерін календарлық мейрамдарға жатқызып қарастырдық.

М-Ж. Көпеев шығармасында да көне мифологиялық образдар жиі ұшырасады. Біз барлық кездесетін мифологиялық терминдерге талдау жасауды міндет етіп қоймадық. Соның ішінде мифтік дәрежеге жеткен, адам қиялының жемісі болып табылатын, қоршаған орта әсерінен наным-сенімнің жоғарғы сатысына ие болған, мағынасы мен әрекеті жағынан ұқсас терминдерге ғана этнолингвистикалық талдау жасаймыз.

1 Тәңірлік (шаман) таным лексикасы

Номада сағыммен астасып, көк аспанмен тілдесіп жатқан кеңістікте өмір сүре жүріп, қоршаған ортаға деген таңданысын, оқып үйренуін қоймаған. Олар енді аспан әлемін күндіз мал жайып жүріп, түнде жылқы жая жүріп ұзақ уақыт көз тоқтатып оқи бастаған. Номаданың көзі шексіз кеңістіктегі қалықтап көшкен бұлтқа, жауған жаңбыр, қарға, бұршаққа, жымыңдасқан жұлдыздарға ең алдымен күн мен айға тірелген. Өздерінің шексіз ойына тиянақ тапқан. Сол арқылы аспан әлемін космономиканы игерген. Ал, ол қазір шындыққа ұласты. Аспан әлемінде болып жатқан: күннің күркірегені, кемпірқосақтың пайда болуы, жұлдыздардың ағып түсуі, күннің тұтылуы, айдың бір де толып, бірде шалқасынан тууы, күннің шығуы мен бату үрдісі т.б. толып жатқан құбылыстар адамдарға түсініксіз болды. Олар *төрт құбыласын* (төрт шарын, төрткүл дүниені) түгел танып білуге ұмтылды. Адам өзін танымай тұрып, сыртқы дүниені таныды. Түрлі аңыздар мен мифтер ойлап тапты. Мифті қарапайым жылқышы мен қойшы да жанынан қосып айта алды. Айтылған сөз «ұзын құлақ» арқылы кеңістікке басқа өң, басқа мән алып «түймедейді түйедей» қылып жетіп жатты. Номада болып жатқан құбылыстарды «құдай» жасап жатыр деп мүлдем ойына да алмады. Құдайды олар кейіннен сөз арқылы тапты. Ғажайып әлемге таң қалу «Тәңірді» тудырды. Көк аспан «Тәңір» де, қара жер «Ұмай» – деп түсінді. Тәңір мен Ұмайды өздерінің өмірлеріне ұқсатып алып, тіршілік иесі сияқты санап, қатар тағы да бір өмір сүріп жатқандар бар деп түсінді. Аспан мен жерді өздерінен басқа да мекендеуші біреулер бар деп, солар жасап жатқан әрекет деп түсінді. Көк аспан мен сағыммен астасып жатқан жер шегі теңіз суы сияқты елестеді. Жерді аспанға дейін көк теңіз қоршап тұр деп түсінді. Оларға «көк» ұғым ретінде қалыптасты. Сөйтіп, барып әр нәрсеге қатты мән беріп өздерінің сәтсіз әрекеттерін ойына алған сыртқы тылсым дүниенің әсерінен деп ұғып табынды. Айталық, аңға шыққанда аю, қасқыр аулағанда өз адамдарының бірі жарақат алса немесе аң аулау сәтсіз

аяқталса ойына алған күдік үрей тудырып сол үрей сыртқы бір нәрсенің әрекеті деген түйсікке әкеліп, өздерінен басқа тағы біреудің араласқаны деп ұққан. Сол арқылы аңның иесі бар, соның қаһары, киесі соқты деп ұғып, сол аңды тотем тұтып, табынған. *Көк бөрі* туралы ұғым солай пайда болған. Шексіз қиял ақылға қонымды, парасатты ұғымға әкелген. Тәңір осылай дүниеге келген. Біздің ойымызша, **Тәңірді** таныған **шаман** өзі сам (шам) күн «Тәңірдің» синонимі сияқты. Ш. Уәлиханов: «Сондықтан да, адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арналған – өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды» – дейді (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы; Жазушы, 1985. 172 б.). Тәңірді адамның өзі ойлап тауып, өзі табынды да, жылдар өте Тәңір сол ойлап тапқан *ното saphienстің* өзіне құпия құбылыс болып табылды. Біз зерттеуге мүмкіндік алдық.

Тәңір. *Сөйлеткен жастан тәңірім қалбымды ашып* (Мәшһүр-Жүсіп., 141), **Теньір** *добы-б±л ғарып бас, Кетті амалсыз, қорлама!* (Абай, 351); *Аз емес бір теньірінің берген бағы, Шмлі бар, – дейді саудагер, -қырық к %оншілік* (КЖ, 52); *Қалыпсыз Қарабайдай бай мтіпті, Тоқсан мынь, теньір алса да, жылқысы бар* (ККБС, 12); **Теньір** *жаққан шамшырақ, Су к±йсаң қайтіп сунеді* (М. Дулат, 67); **Теңрі** *тег, теңрі йаратмыш. Т%орік Білге қаған, Б± мдке олтуртым* (Күлтегін жыры). *Имон ато Тангрим тожу давлат* (Қожа Ахмет Иассауи).

В. Томсен 1893 жылы 25 ноябрьде белгісіз болып келген **тәңір** сөзінің кілтін тауып ашады. «Тәңірі», аспан, көк», құдай мағынасында – деп оқиды [7, б.32]. Тәңір мен Ұмай түркі қағанаты дәуірінде күллі түрік жұрты табынатын құдай дәрежесінде болды. Бірақ, құдайға жете алмады. С. Қасқабасов: «Шындығында бүкіл түркі жұртында Тәңір көктегі ер рөлінде, ал Ұмай жер-ана болып қабылданады» – дейді. Сілтеме жасаған – И.В. Стебелеваға: К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы, с. 213-226; [8, б.82]. Тәңір де Зевс сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіріп адамдардың көз алдында өсті, адамдар Тәңір образын жасады да өздері көре алмады. Бірақ, Тәңір туралы мифологиялық наным-сенім, салт пен дәстүрдің

бөлінбес құрамына айналды. Қазақ тілінде «тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің де түбірі («тәң // тең»), «көк», «аспан» ұғымымен байланысты. Сілтеме жасаған: Древнетюркский словарь. Л., 1969, с. 544, 551, 552; [8, б.85]. Басқаша айтқанда аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал жердегі **су** да түсі жағынан аспан, яғни **тәңір** сияқты көк болғандықтан **теңіз** деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («з» - жұптықтың белгісі) [8, б.85].

Түрік сөзі тәңір//төңрі `аспан, жоғарғы күш` деген мағынаны білдіретіні белгілі болды. **Тәңір** этимоны екі сөзден тұрады. Ол сөздердің әрқайсысы құдай жаратушы иесінің мағынасымен байланысты болып келеді. Мысалы: **Таң**-`таң атқандағы жұлдыз`: *Молда оқиды мешітте **Таһ** сарғайып атқанда* (КЖ, 9); *Арғын дөриядан үтіп, Қаратау жайлайды деген сүз естіле бастаған соң, қарақалпақ ... арғын бұл жаққа келсе, **таһ** атырып, көн шығармайды* (Мәшһүр-Жүсіп., 19); *Торғай шырылдап, **таһ** белгі бере бастады* (М. Дулат, 151);

М. Қашқари **іңір** жарық пен қараңғының өзара шарпысып, астасуы. Оғыздар оны: **imir-imir** - дейді [9, б.123]. В.В. Радлов **іңір** - вечерняя заря, сумерки, вечерь; **іңгір** - вечерь деген сияқты екі мағынасын көрсетеді [10, б.1432-1446]. **Іңір**-`кеш батқандағы жұлдыз`. Мысалы: **Іһірде** шайтан қишкендей *Құлланнан атты қандықты Құлден тартты борықты* (КЖ, 78); *Көн батып **ымырт** жабылғанша* (М. Дулат, 152);

Екі жұлдыз да жердің тыныштығын ойлап күні бойға жүгіріп, айналып жүреді дейді кейбір аңыздар. Күн ұясына кіріп кеш батқанда (қара көлеңке болғанда) күндізгі жарық ұйқыға кетіп, қарауылдар ауысады. Сол уақытта жерді мекендеушілер тыныс алады. Ұйқыға кеткен күнмен таласып, қарсыласуға болмайды. Дегенмен, оның алдын алып *таң жарықты* қарсы алуға да болар еді. Ал, сол қас қағым сәтте **түн** өз қызметіне кіріспейінше ұйқыға кеткен жандарды құдай айналып өтіп, күнделікті дәл осы уақыттағы өмірлік маңызы бар несібесінен айрылады. Бұл ұғым қазақтың тұрмыстық

өмірінде орнын тапты: *Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық; Түнде ұйықтайтын ұйқыңды күндіз ұйықтама; Бейуақытта ұйықтама, жаман болады; Түнде тырнағыңды алма* т.б. Халық этимологиясы бойынша құдайшылдық дәрежесі тең **таң** мен **іңір** барлық уақытта бірге аталып жүрді. **Таң-іңір** өзара сіңісіп кетіп, бір мағыналы лексикалық бірлік «тәңір // тәңрі» құрады [11, б.314-317]. Тәуелденген *тәңрі* мен *тәңір* сөзінің арасында бөлендей айырмашылық көрінбейді. Тәңір=іңір: (таң+тәң+іңір+ір+рі) фонетикалық өзгерістер болды. **А** дауысты дыбысы **ә** жіңішке дауысты дыбысына алдыңғы буындағы **і** жіңішке дауысты дыбысының әсерінен ауысты. Бұл түркі тілдеріне тән қасиет. Қазақ тілінде негізгі морфемада (түбір сөзде) **а** фонемасы кейде **ә**-мен ауысып отырады, мұның фонемалық үлкен мәні бар [12, б.106]. М. Қашқаридің сөздігінде **тәңір** сөзінің үш мағынасы белгіленген: 1) **құдай**; 2) **аспан**; 3) **ұлы** [13, б.87]. В. Радлов сөздігінде бұл сөздің үш түрлі жазылуын келтіреді: *таңры, тангры, тōңрі* осм. түрік. каз. тат. және АТ, түркілердің алфавиті берілген. Алғашқы екеуі сөзге келместен **құдай** сияқты аударылған *`құдай* (Gott), ал көне түркілік **тōңрі** *`аспан`* (der Himmel), және *`құдай`* (Gott) – деп жазды [10, б.832, 1047-1048]. Тек қана аздаған фонетикалық өзгерістер кездеседі. Түркітануда **таңрі** этнонимі жайында оншалықты қайшы пікірлер жоқ. Мысалы, *тат. теңірі, түркімен. таңры, түр. танры, қаз. тәңрі* т.б. Ш. Уәлиханов **тәңрі** формасын **тэнгри** деп жазады, жалпы **тенкри** деп жазылуы орфографиялық ережелердің әлі дамымағандығымен түсіндіруге болады. Ш. Уәлихановтың **тэнгри** деп жазылуын «Орыс-монғол сөздігіндегі» (1940) сал.: **Тэнгер** *`аспан`*, және *`құдай`*. В.П. Васильев *мон. тэнгер* және *қыт. тяньли* атап өтіп, екеуі де бір мағынаны – *`аспан`*; **тянь** *`аспан`* ли *`ерекше күш`* – дейді. П.И. Палладия (Кафарова) және П.С. Попова сөздігінде қытайдың *`тянь эррь`* деген сөзі *`тяньли`* сөзімен өте ұқсас, аудармада бұл сөздің мағынасы *`көктің естуі`*, *`көктің ерекше сыйлығы`*. Т. Арын «Ат-тухвада» қытай сөздерінің ұшырасатынын айтады. Ғылымда белгілі болғандай **тәңірі** екі түбірден:

тянь `аспан`, рин `адам` деген сөз екен [14, 6.321]. Б. Бафиннің де ойлары осы тәріздес. «Монғол тілінен ауысты деп топшыланып жүрген **тәңір** (құдай) атауы – түркі тілдеріне кең тараған бәрімізге таныс сөз. Қытай тілінде осы сөзбен мағыналық жағынан да, үндестік жағынан да дәл келетін, бір түбірден өрбіген қытайша **тянь** (көк, құдай, құдірет, дана, жаратылыс), **тяньцзы** (көктің ұлы, киелі, қасиетті), **тяньли** (жасағанның жаңылмас заңы, құдіретті күші), **тяньши** (көктен түскен елші, періште), **тяньжи** (көк пен күн) деген сөздер бар. Монғол тіліндегі **тэнгэр** (көк, аспан) мен қытай тіліндегі **тэн**, **тянь** дегендердің *аспан*, *көк* мағынасындағы сөздер екендігі әлдеқашан дәлелденген болатын. Бұдан қазақ тіліндегі **тәңірі** сөзі мен қытай тіліндегі **тяньли** сөздерінің төркіндес сөздер екендігін аңғару қиын емес» [15, 6.29]. Сілтемені қараңыз: Б. Бафин. Қазақ пен қытай тіліндегі ортақ сөздер (Вестник Ан КазССР, I, 1961: 71). «Түрік қағандары **тәңірге** табынуды қолдап, оны мемлекеттік *монотеистік* дінге (көк тәңіріне) айналдырды. Егер «оның басына бір жаман іс түсетін болса, ол басын көкке көтеріп, «бир тәңри» (бер не бір тәңір – А. Қ.) деп зарлайды, мұнысы түрікше «бір құдай» деген сөзі» - дейді Ибн-Фадлан» [16, 6.114]. С. Мұқанов: «Тәңірі» дегеннің өзі қанжұт (Тибет) тілінде «аспан» деген мағына беретінін айтады [17, 6.38]; Тағы бір деректе **таңір** түбір тұлғасы **таң** және **іңір** емес, басқаша түсіндіріп: «Ертедегі гундер «тәңір» (ченли) деп жалпы аспанды атап, оған құдай ретінде табынған. «**Тәңір**» сөзі екі түбірден: «**таң**» және «**ертеден**» деген сөздерден тұрады. «**Таң**» күннің туар, шығар уақыты, ал «**ер**» – күллі түркі тілдерінде ер, ержүрек, еркек, батыр деген мағынаны білдіреді» – деп жазады [18, 6.43]. Л. Будагов: монғол, түрік, ұйғыр: *تەنگري* тәнри, *تانگري* тэнгери, *تەنگرو* тэнкру, *تەنگري* тәкри, *تينگري* тинкри, *تەنگەر* тэнкеръ, якут. тангара т.б. (қараңыз – қаз. *تەري* тәри) *ад. تاري* тәри, **құдай**, **алла** сияқты ұғымда болғанымен *`аспан рухы`* деген мағына береді. Қытай тілінде: *thiän* небо, *thiänly*, тат., *تەنگري* тінкрі *gasio coeli* – разум небесный, монғ, аспан рухани емес, заттық дейді. *Сені тәңір алсын. Тәңір алғыр.* Орысша айтқанда: *жерге батып кеткір* деген

мағыналарын көрсетеді. Қазақша аударған – А. Қ. [19, б.370]. Тәңірге жалбарынудың түрлері қазақ арасында кеңінен тараған. Мысалы: *бер тәңірім; тәңір жарылқасын; Е, тәңірім сақтай көр; тәңірдің нұры жаусын; тәңірден бала сұрайды – дейді* Ш. Әлібеков [20, б.26]. *Жасаған жақсылығыңды тәңір білсін* деген ақ ниет Ахмет Иассауи шығармасында да бірнеше рет кездеседі: *Құл Хожа Ахмат, ошиқ бұлсанг жонинг куйсун, Сидқинг бирлан оллах дегил **тангри** билсун* т.б. (Ахмад Яссавий хикматлар. – Тошкент: 1990. – Б. 81.). **‘Тәңір діні’** – деген сөзді өзбектер ислам дінімен «тәңір» қатарласып араласып кеткен кезде де қолданған: *«Биринчиси-давлат ва салтанатимга боғлаган мининг биринчи тузугим – **Тангри** таолонинг дини ва Мухаммад мустафонинг шариатига дунёда ривож бердим»* - десе (Темур Тузуклари. – Тошкент: 1991. – Б. 53.). Башқұрттарда: *«**Тәңре улы** Кояш-хозайзың якты һындары рәүшендә ер йөзән гизгән Карсыға менән Арсыландың бергә кушылдығын хасил итәмен, шуға күрә бер юлы ...»* – дейді [21, б.81].

Тәңірді ата-баба рухы сіңген деп қазақтардың арасында аруақ ұғымын киелі санаған. Өлген адамның жаны ұшып кетеді-мыс, ол жебеп-жасқаушы рухында кездеседі. Ш. Уәлиханов: «Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күн бір шырақтан қырық шырақ жағады, немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады» – дейді [3, б.154-155]. Қазақтың ауыз әдебиетінде де тәңірге жалбарыну көрінісі сипат алған: *Жыртыла жаздап біреуі **Тәңірі** жәрдем етеді* (ҚЖ, 1963: 324). Тәңірге жалбарынудың аяғы, тәңірдің көмек беруімен бітеді. Жалпы жақсылық атаулыны *тәңір* ісімен байланыстыру ежелден келе жатқан қасиет. Жас баланы еркелеткенде *тәңірім бере салды* десе, адам өлгенде *тәңірім алды, бетінен жарылқасын* дейді. **Тәңір** сөзі ислам идеясының күшейуіне байланысты аздап ығысып **алла, құдай** сөздерінің жиі қолданылатыны байқалады. Қазақ ұғымындағы тілек, бата беру ұғымы да **тәңір** ішіндегі мағынамен тығыз жұмсалған – деп жазды Б. Уахатов [22, б.164]. Академик В.В. Бартольд: «Для понимания психологии народа было бы важно знать его

религиозные верования. Надписи не говорят об этом почти ничего. Говорится о культе неба и земли, причем иногда употребляется выражение `турецкое небо` и `турецкая земля и вода`. Одно и то же слово *tāñrı* обозначает небо в материальном смысле и небо как божество (Chavannes, Notice, p. 384). Из тех мест, где говорится о земле и воде (*jär sub*), тоже можно вывести заключение, что имеется в виду земля и вода как единое божество, а не как собрание духов земли; последний перевод Томсена «*die türkischen heiligen Yer - sub*» и в этом случае может вызвать недоразумение» – дейді [23, б.26-27]. Мұрад Аджи Алтай мен оңтүстік Сібір елінің табынатын нысаны «адам аспан», «адам күн» болды дейді. **Тәңір** Шығыстың көне мифологиялық бейнесі. Ол аспан әлемінің құдайы. Мекені аспан. Қыпшақтар Тәңірді «Тенгри» немесе «Тенгери», буряттар – «Тэнгэри», монғолдар – «Тэнгер», шуаштар – «Тура» – деп әр түрлі айтқанмен мағынасы барлығында бірдей екендігін жазады [24, б.209, 25, б.51]. О. Сүлейменов **тәңір** сөзінің бірнеше варианттарын атап өтеді: ДИНГИР (ДЕМЕР) `құдай`, `аспан`: тенгри (тегри, дәнгир, тенир, тәнир) – құдай, аспан (жалпы түріктік.). Шуваш тілінде тенгир – теңіз. ТИНГИР, ТИГИР өзеннің аты. Басқа түрік тілінде: тенгиз (тениз, дениз, дангиз) теңіз; үлкен өзен. Аспанның//теңізге ауысуының маңызы берілген мысалдармен де дәлелденуі мүмкін. Шуваш тілінің «р» дыбысының жалпы түркі тілінің «з» дыбысымен алмасуы әдеттегідей – дейді [26, б.241]. О. Сүлейменов **тәңір** сөзінің мәні мен мазмұнын тереңнен қозғап былай деп өлеңге қосады:

– Ты иноверец, – молвила Шамхат,-
ты веришь в Тенгри*,
в молнии и Лело [27, б.171].

*Тенгри (Дингр, Тингр) – древынешумерский бог-солнце. Тәңір сөзінің этимологиясын көне шумер сөзінің құдай мағынасындағы сөздермен бірлікте қарастырады. Тәңір (таң+ер) ер (еркек) аспанды еркек, жерді әйел деген мифологиялық түсінікпен тығыз

байланысты. Ер+тег (нәсіл) сөздерінің де мағыналық ұқсастығы байқалады. А. Махмұтов: Теңрі **тег** – **тәңрі текті** болып аударылуы керек, *тег* қазіргі қазақ тіліндегі *тек* (нәсіл) ұғымымен бірдей. Түркі тілдерінде теңір-аспан мағынасын білдіреді. Текстегі (Күлтегін ескерткіші – автор) теңірде болмыш – тәңірде болған (аспан астында болған) деген мәнінде түсіндірілуі керек – дейді [28, б.193]. О. Сулейменов: «Во многих американских языках *tek, tik* – «род». Участвует в этнонимах – *хуастек* и др. Самый известный – *ацтек* – переводится как «род аиста» – деген сөзінің мәні бар (Каз. правда, 2001. № 112 (23460). Нәсіл (ұрық), жаратушы иесі *ер* мен *тег* **күн тәңірі** және ұмай бір-бірімен рухани мифологиялық түсініктің *иесі*, қазақ ұғымындағы **құдай**мен таласа жүрген түсініктер болып саналады. **Таң** – дүниеге жарық әкелуші, тіршілік иесі, *ер* – ұрпақ әкелуші, тіршілік иесі, жарықтың ері (күйеуі). *Күн-күйеу, жер-қалыңдық сағынысты, Құмары екеуінің сондай күшті* – деп жазуы тегіннен тегін емес (Абай. 1977: 156-157). Аспан көк – байы, Жер – қатыны (М-Ж., 24 б.). Абай мен Мәшһүр-Жүсіптің тәңір мен ұмай жөніндегі пікірлері мифологиялық түсінікпен астасқан. Ақын екі жаратушыны өз дәрежесінде көтеріп, адамзаттың қорғаушысы, бір жаратушы деген көне ұғымды жаңғыртқан. Бұл мысалдағы **тәңір** сөзі өлеңнің мазмұнын өсіре түскен. **Тәңір** қазақ ұғымындағы ішкі тазалықтың айнасы болған. Дүниесі кір адам **тәңір** алдында өзін кінәлі санаған. «*О, тәңірім, күнәмді кешіре көр*» – деп жалбарынған. Тәңір адамдарды зұлымдық пен өтіріктен, жауыздықтан сақтандырып тұратын, жамандық жасаған, ұрлық қылған адам тәңір алдында қуыстанып жүрген, бұл түсінік адам санасын ой-жүйесін билеп алғаны соншалықты, адамдар *тәңір* алдында көпке дейін кінәсін жуып-шайған. Бертін адамдар **құдайды** ойына ала отырып, аузына **тәңірді** де салған. **Тәңір** адамдар ұғымында берік орын алып, тұрмыс-тіршілігіне сіңісті болды. Мысалы, В. Котвич көне түріктік *мәңри-кәу* (титул турецкого хана) – деп жазды [29, б.114]. Ә. Қайдар өз еңбегінде қазақ оронимдерінің құрамында: тәңір, теңгір (тенгри) ұшырасатынын жазған [30, б.10-12]. Әлемдегі биік

таулардың бірі – Тянь-Шаньнің шыңының аты – Хан Тәңірі. Хан-Тәңірі екі сөзден (хан+тәңір) құралған. А.М. Махмұтов бірінші негізгі компонент тәңірі деп қалап: (тәңәрә, теңірі, тегрі, теңрі, таңры, тажы`құдай, аспан, жаратушы)`-**та** элементі (те, тө), байырғы заманда`көгілдір аспан` деген мағынаны білдіргенге ұқсайды дегенді айтады. Сол сияқты өзінің одан әрі тұжырымында **-таға -ң**-ның қосылуының салдарынан`*таң шапағы*`+**таң** ұғымы пайда болған деп үзілді-кесілді дәлелдейді. Ал **таң**-ға **-р**-дың қосылуы нәтижесінде көк сәулесі немесе көкшіл аспан мағынасы пайда болғандығын айтады. Басқы буын ер қаз. қырғ. ерте ~ ертең (ерте, ертеңгі күн); шор. бара. іртан (ерте); сах. ирдан (ертеңгі күн); өзб. эрта (таң); түркм. эрте, эртир (ертеңгі күн, таң атты, ерте ертемен); монғ. эрт, эрти (ерте, ертерек); ерле ~ егле (таң атты), түрк. еркен (таңертең); баш. иртэнсэк, иртэ (ертеңгі күн, шығу ир (йір) жалпы түркілік семантикасы (ерте, сол күйі, сол уақытта, таңертең) лексикалық мағынасын қырғ. түркм. әлі де сақтағанын жазады [14, б.326-328]. Л. Будагов: тур. тат. ирте, ерте уйг. утро, рано; кир., алт., на утро, на другой день, завтра деген сияқты келер шақтық мағынасын көрсетеді [19, б.186]. Ш. Сарыбаев: Впрочем, в отдельных краях степей, например, в Дикокаменной орде еще живет выражение **куке – тянгри**, в виде набожного восклицания или призывания. Слова **тенгри** еще при Чингизхане магометане переводили словом **алла**, а европейцы словом **deus**, так оно было в шаманстве близко к идее всемогущего существа, а в Малой Бухарии и теперь китайское **Тянь** переводят персидским словом худа – «бог» – дейді [31, б.576]. Анта өтрү **т(а) ңрі** та (ä) ңірісі буркан ынча тіп j (а)рлыкады [32, б.173]; **ätkanläggä tägirä, köruntesni** О языкъ Кумановъ по поводу изданія. Куманского словаря. Статья В. Радлова. Приложеніе къ къ XI, VIII Академіи Наукъ. №4 Санк-Петербург. 1884. – С. 42.; *Таъ жаъа атуға сеуле беріп келе жатқан қарсаңда қмзі ілініп кетіп еді* (Мәшһүр-Жүсіп., 37);

Түйін. Таң = іңір мағынасы тең. Күннің үздіксіз біресе шығып, біресе бату үрдісі. Таң = күн = іңір, таң +

іңір = күн. Тәңір=іңір: (таң + тәң + іңір + ір + рі) лексикасында мынадай фонетикалық өзгеріс болды: Таңрі > танры > тәңрі > тәңрі > теңірі > таңры > тэнгри > тэнгри > тэнгер > тэнгер > тяньли > тянь > тянь эррь > тяньли сияқты варианттарын көрсетуге болады, – деп ойлаймыз. Мәшһүр-Жүсіп «Тәңір» сөзін «құдай» мағынасында қолданған. Мәшһүр-Жүсіп шығармасында **Тәңірдің** өзінің атынан басқа «құдай», «аспан», «ұлы», «көк», кейіннен «алла», «пайғамбар» сияқты түрлері қолданыс тапқан. **Тәңір** түріктің төл сөзі екендігіне ішкі уәжінің терең мән-мазмұны мен сыртқы формасы арасында ешқандай алшақтық жоқтығы дәлел бола алады. **Тәңір** күннің шығуы мен батуын **ін** (ұясына) енуімен жетеленіп отырған. Сыртқы әлем де аналық және аталықтан тұрады деп ұғынған. Адам ата мен Хауа ана өмірі сияқты олардың да тіршілік әрекеті болған. Күн (Тәңір)+Жер (Ұмай)=Ғалам. Адам ата+Хауа ана=Ұрпақ. Жер (Ұмай) өз өсін айнала отырып күнді (Тәңір) айналған. Күн ұясына кірген, қайта шыққан, тұйыққа тірелген, үрдіс қайта қозғалған. Номада кеңістікте үздіксіз қозғалыста болған, оны реттеу мүмкін емес. Адам өлгенмен (тұйыққа тірелген сияқты болғанмен), ұрпақтары жалғастырған. Қозғалыстың арқасында жаңа ұрпақ өсіп, өніп отырған. Ұмай > ұрғашының жыныс мүшесі ұрпақ келетін **ін** (ұя) болған. **Таң** мен **іңір** алма-кезек араласып отырған, кейіннен **ұмай** пайда болып, бұл үрдіс жалғасқан. Е.А. Керімбаев қазақ оронимдерінің қатарына: *таңір, теңгір (тенгри), возможно бай-май, восходящему к теониму Умай* – дейді (1992: 23). Енді соған келейік. **Тәңір** > **Ұмай** мағынасы жағынан өте тығыз байланысты, тәңір лексемасы **ұмай** арқылы толық ашылады. Сондықтан олар жуық мәндес лексика болып табылады.

Ұмай > **Баянауыл**. «Қазақ орысқа алғаш қараған Иван Семенович деген бөлкебай келіп, **Баянаулада** қала салдырып, дуан алғаш ашылғанда дуанбасы, қазы, болыс сайлаған. Шоң би дуанбасы, Тайжан қазы болған. Сонда қанжығалы атындағы ел ойдағы-қырдағысы бір болыс болып, болыстықты алған». «Керекуге» қатысы бар мына мәліметті де келтіре

кетелік: «Мен өзім Павлодарда тұрдым. Керекудің ол жақ, бұл жағына қатынап жүрдім» – дейді

М-Ж. Көпеев [33, б.49]. «Бізге хабар жеткізген Хұсайын мырза **Баянауыл** дуаны 1821 жылы ашылып арғын елінің әкімшілік орталығы болған, жаңа низам шығуымен мекеме Керекуге, біразы Қарқаралы дуанына қарады» – деген Құрбанғали Халидтің дерегін қоса келтіргенді жөн санадық [34, б.237]. **Баянауыл** десек те, Баянаула десек те «қосылғыштардың орны өзгерткенмен қосынды өзгермейді». Мәселе, сөз тіркесінің бастапқы т%бір тұлғасында. Бұл сөздің түбір тұлғасы – «**бай**». 1940 жылғы орыстандыру саясатының нәтижесінде **я** дауысты дыбысы енді. Дәстүрлі принцип бұзылып, қазақ сөздеріндегі **й+а** және **й+у** қосар дыбыстарын таңбалап: айа (ая), байан (баян), жайа (жая) т.б. жазылатын болды да **бай** (бая+н), **қой** (қойан//қоя+н) -**н**//**-ан** сөз түрлендіруші қосымша. Бұл арада **қоян** лексемасының жөні басқалау, **қойға** ұқсатып кішілігіне байланысты -**н** (қоян) сөз тудырушы кішірейткіш аффикс ретінде қараған дұрыс сияқты. Оқырманға түсінікті болу үшін **һумаюн** сөзіне де мысалдар келтіріп алып, бірақ талдауға көшеміз. Өйткені, **бай** тұлғасының этимологиясы осы – *һумаюн* лексемасымен тығыз байланысты.

һумаюн жаләл жұпты өткен екен, Әркімдер-ақ келісіп кеткен екен (127); Ырзамын **һумаюнның** өлгеніне, Құдайдың жаңа тойдым бергеніне (128); Аты арыстан, **һумаюн**, қарашы атын, Құдай артық жаратқан асыл затын (129); Өлсемдағы кететін құлағымда, «**һумаюным!**» – деп қақсап шыққан зары (131); Өзі кетті, **һумаюн** аты қалды, Жер қойнына барды да жатып алды (131); Кітапта берілген түсінікте: **һомаун**, **һумаюн** (парсы сөздері) – біріншіден – «патшалық», «күштілік», «қуаттылық», екіншііден – «амандық», үшіншіден – «бақыттылық» сияқты мағыналары бар [35, б.269]. Е.Б. Бекмұхаметов (ҚТАПС), Ислам Жеменей (ПҚЖҚПС), Л.З. Рүстемов (КРТСАИЗС) сөздіктерінде бұл сөз ұшыраспады.

Түркі халқында Тәңір сөзімен қатар қамқоршы құдай есебінде Ұмай – ана әйел жынысының бейнесі алынған. М. Аджи: У кипчаков кроме Тенгри – хана было

еще богиня Умай – женское земное начало. Она покровительствовала младенцам. Ее изображали с младенцем на руках, такой же, как на христианских иконах изображают Богоматерь [36, б.217]. Бір аңыздарда Ұмай – ана бала туудың, бай өнім алудың қамқоршысы болып, енді бірде, жерге қонбай-ақ көкте ұя салып, жұмыртқасынан балалар шығатын ертегі құс болып суреттеледі. Бұл аңыздарда біздің көз қарасымыз бойынша, жалпы түркі халқының әйел – ана бейнесі алынған. Әйел – ана, түркі халқы үнемі көші-қон жағдайында жүрсе де бала тауып, және оны бағып қағып өсіреді, міне, осы жағдай аңызға мұрындық болған сияқты. Из отдельных божеств упоминается только Умай, дух покровитель младенцев, с которым хан сравнивает свою мать. Почитание Умай сохранилась и в новейшее время у последних турецких шаманистов в Алтае [37, б.27]. Алт. *Май* - эне 'мать Умай' представлялось в виде сорокоголовой женщины, в чем, вероятно, отразился облик буддийских идолов (Тошакоева). **Образ Умай-ана достаточно древен** (Абрамзон, Стебелева, Потапов) [38, б.43]. Ұмай сөзі үндіран мифологиясында құстың атына қарай **Хумаюн** (**himaṇ**), **himaṇj**) меңзейді. Ұмай орыс ертегілерінде **Гамаюн** түрінде ұшырасады. Құмай, қырғыз. Құмайық, тат. диал. Құмай-ит 'қанатты ертегідегі құс', *Һәмәй* башқұрт 'мүйізді құстың түрі' (Бһһ, 292) т.б. Татар тілінде **ұма** 'брюшина' (іш пердесі – peritoneum) [39, б.40]. Әйелдің жыныс мүшесі де осыған қатысы бар. **Ума**. Еркектің безқап көземе. Әйелде шап көземе. Сарғынай. Малда **сарпай** делінуі көземелік [40, б.159]. А (а... – автор) деп те қойып қалатындар баршылық. Қ. Жұбанов: Ұмай, құдай, ұма = май. «Ана – к±дай» – «еміз» – ден шыққан дейді [41, б.75]. Ол заманда әйелдер құдайының аты **Ұмай** болған. Кейіннен сөз басындағы қысаң **ұ** дыбысы түсіп қалып, **май** деп айтылып кеткен. Қазақтың: “От ана, май ана, жарылқа!” дейтін және “Май әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие?” – деген мақалы да осы ұғымнан туған (Ұйғыр мақалы...) [42, б.75-94]. Н. Кудашина **бай** сөзінің формасын Алтай аборигендерінің тілінде дәстүрлі айтуға болмайтынымен

байланыстырады. (Олардың тілінде бұл табулық өріс алады – автор). Бұл сөздің семантикалық эволюциясы жақынырақ мына мағынада түсіндіріледі: ‘арғы ата-бабасы’ – ‘қамқоршы’- ‘рубасы’- ‘қасиетті’- ‘алғашқы’ - ‘үлкені’ және көне формасына ит ‘ана’ (жоғарыдағы тат. диалек. Құмай – ит – қараңыз – автор) жақындатады. Сал. қаз. Ұма ‘піштірілген еркек қой (қошқардың) ұмасы’ қуығы емес ‘мошонка [43, б.153-312] (ФАОҚТС, с.153); (СРЯ, с.312) хлощеного [44, б.867] (ТСРЯ, с.867) барана’, қырғ. ума ‘мошонка холощеного барана, жеребца’ (ЮКРС, с.804)

Ұма (1). Ұрық безінің сыртындағы қалталанған тері (АТС, 658). *Тырдай жалаһаш кылды дейді, імасынан отырғызып қойды дейді* (Манас, 339); *Сырты қысқа, бауыры жазық келіп, Арты талтақ, ±масы %олпершекті* (Абай, 95); *Көбінің беретіні қошқар болды-ау, Умасын салақтатып, қайттым айдап* (М-Ж. 1 т. – Б. 312). **ұма** сөзі **ұмай** сөзімен тығыз байланысты екендігін көреміз. Шор тілінде **umai** – «жас сәбилерді қорғайтын өте қамқоршы аруақ», «өлген адамдардың жанын алатын аруақ» (Радлов, ОСТН, с.1788). Бұның барлығы да көне түркілік дәстүрден шығуы (немесе, тибеттікте болуы да мүмкін). М.Аджи: В тенгрианство многое пришло от буддизма, в чем и проявляются связь древних культур и народов – деген [45, б.217]. **Ұма** – «ана» **ұмай** сөзінің шығу семантикасы бір. **Ұмай** – «соңғы, баланың жатыры, дүниеге келмеген сәби» және «әйел құдай» (ДТС, 611), **ұма** (ана) +**й** (атауыш аффикс). Түркі тілдерінде алғашқы **ұма** мен екінші **ұмай** фонетикалық деформацияға ұшырап келесі формасы қалыптасты: ұма > ұмай > май > бай ~ пай т.б. [46, б.282]. Сібір түркі тілдерінің зерттеулерінде аталып өткендей, ең алғашқы мағынасы бұл сөздің «ұрғашы», «ана», «әйелдік» сөздерінің мағынасы ақырындап анықтала бастады [47, б.86, 48, б.282].

Біздің ойымызша, мақаланың басында жұқалап айтып өттік, **ұмай** сөзінің түбірі әйелдердің жыныс мүшесі «а...» -нан шығуы мүмкін ұмай > ұма > ама > а... Қалай дегенмен ұма жаратылыс, дүниеге келу бүтіннің бөлшекке ұласуы мифологиялық түсінік бойынша жер бетіндегі адамдарды жаратушы **ұмайға**

айналған. Оның алғашқы мағынасы ұмытылып барып, анағұрлым кеңейген. **Ұмай** (сарпай) ұлпа, жұмсақ сары (сарығ) + пай (Кудачина > пай) `пай`ұмай = сарпай > сар + пай > май > а..., май сары май (әйелдің жыныс мүшесі сарпай) бәрі бір түбірден өрбиді. Алтай, телеуіт, шор, саха және басқа тілдері **бай** буынына **ана** / **әнә** + **й** (дәл сол мағынада, **бай** дегенмен бірдей), плеонастикалық тіркес құрап: *байана /байәнә/ майана*, кейде бай /май – «ана», ана / әнә-«ана» деген мағынада жұмсап, жалпылай құрғанда бәрі бір «ру басы» деген мағынаны береді, «әйел құдай», «тотем», ал якут (саха) елінде бұл тіркеске қосымша тағы да бір рет **бай** лексемасы қосылады. Н. Кудачева бұл байланысты: «якут (саха) **Бай Байана** < **Бай** (ана) + **Бай** (ана) + ана атап өтіп (сол мағынада. – А. К., Г.А.) + й (аталым аффиксі. – А.К.Г.А.). **Байанай** алдындағы **бай**-дың пайда болуын былай түсіндіреді: **Байанай** күрделі тіркесінің пайда болуының нәтижесінде «ана» сөзі маңызын жойып, тек қана «аңшылар мен балықшыларды қорғаушы – аруақ» ретінде семантикалық сипаттайтын ұғым» – дейді. **Бай** сөзінің бұл араға қатысуы осы сөздің өзінің көне мағынасы **ит** – **анаға** нұсқайды (Кудачева). Ә. Қайдар плеоназым тіркесетін компоненттердің семантикалық дамуының күрделі үрдісінің нәтижесі болып табылатынын. Якут (саха) плеоназымы **Бай Байанай** өзінің жоғалған семасымен қызықтырады, бұндай жағдайлардың түркі тілдерінде ұшырасуы осы ғана емес. Кей жағдайда плеоназымдар қатарына компоненттерінің бірі өз алдына дербес лексикалық бірлік ретінде қабылданбайтыны да нақты мысалдармен дәлелденеді [49, б.283]. Ә. Қайдар да **ұмай** сөзінің шығу тегін қарастырады [50, б.10-12]. Е. Жанпейісов **ұмай** сөзіне басқаша тұрғыдан келіп, **бәйтерек** сөзімен семантикалық байланыста зерттейді. Бұған себеп екі сөздің мифологиялық жағынан ұқсастығы болса керек. Оның үстіне **бай** // **бәй** түбірі аналық ағаш екендігін көрсетеді. Осыған байланысты ғалымдар **бәй терек** `священный тополь` ұқсас сөз тіркесіне талдау жасап, (бәйтерек те мүмкін тотем болуы), `бәйтерек қасиетті ағаш, тисуге болмайды` (Кудачева) жанама

болса да берілген сөздің этимологиясын дәлелдеуді күшейте түседі. М. Аджи **бәйтерек** сөзіне қатысты: Ель назвали «деревом Ульгеня». Она связывала мир людей с подземным миром божеств и духов. Ель, словно стрела, указывала Ульгеню путь наверх... Отсюда название «ёл», что по-тюркски так и будет «дорога», «путь» деп анықтама береді [51, б.37].

мздерінің жақсы киімдерін киген. Тамаққа тойып алған жігіттер аттарына отырып құмбұрі – құмпарға (**теке** тарту) асығады. Ал, қарындары ебден тойған бойжеткендер мен ежелдер де той болып жатқан киіз %ойге жиналады. Егер киіз %ойге сыймаса, басқа %ойлерге де орналасып, бір-біріне қарап, ж±п-ж±п болып отырады. Бойжеткендер мен ежелдер құмбұріге ешқандай қатыспайды. Құмбұріні аяқтап, жастар бейгеге (ат шабысы) кіріседі – дейді [134, б.193]. Е. Жанпейісов те Уақтың серкесі сияқты этникалық бөліністерді атап өткен [102, б.25]. Ешкінің пірі Сексек ата осы ескі діни сенім-нанымның табулық белгісі болып табылады. Мысалы: *Ешкі сүйер баласын ылағым – деп, Тастан-тасқа секірген шұнағым* – деп халық босқа айтпаса керек. Б. Уахатов төрт түлік мал туралы өлеңдерде осы мәселені қамтыған (Қазақтың халық өлеңдері. 1974: 105 б.). Ә. Қайдар **Шекшекату** (покровителю коз) с просьбой оберегать его скот от падежа и других стихийных бедствий – дейді (1998: 44). Көкпарға қазіргі уақытта серкені де тартады.

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев **серке** сөзін ел **бастаған көсем** мағынасында қолданған. Бірақ, серке (қой) құрамында қалып қойып, онша культ дәрежесіне шыға алмаған. Тегі **серке** төрт түлік малға жатпағанмен қой-ешкі құрамында қоса айтылады. Серкенің, ешкінің тынымсыз, суыққа төзімсіз, шыдамсыздығына байланысты да қазақ асыраудан қашқақтаса керек. Әйтпесе, бірнеше лақ табады, тез өседі. Осы жайттар да серкенің қойдың құрамында жұтылып онша культ дәрежесіне көтеріле алмауына себеп болды ма дейміз. **Серке** сөзі **сір** (сір тері) деген түбірден пайда болуы мүмкін. Серке мен сірке, сере қарыс түбірлес те болуы мүмкін. Мәшһүр-Жүсіп қолданысындағы **төрт алмажайын** да жеке-жеке өз алдына дербес тотем болып саналады. Қазақтар бұл – тотемдердің иесі бар деп есептеп, сиынған. Бұндай тотемдік көріністер ел ішінде күні бүгінге дейін кездеседі.

Тұрт алмажайын (ие). **Тұрт алмажайым** бар еді, біреуін саған байладым, ал балам, – деп Қабанбай батыр ж%оре береді. Сөйтсе **тұрт алмажайынның** бірі

қызыл т%олкі деген болады екен. Сонысын беріп кеткен екен... (37) Абылай хан %ош ж%оздің баласы қазаққа хан болғанда Елтеке Сарым Жидебай атақты батырының бірі болып, Абылай ханға қолбасы болған екен. Бір жаққа аттанарда, қосын ж%оргізерде ұйсіннен ақ шабдар атты алғызып, Елтеке Сарым Жидебайға мінгізеді екен. Жидебайға айсыз қараңғы т%он тал т %остей жарық, боран-соран ашық к%ондей, жан таба алмаған жерді құріп қойғандай табады екен. Біреудің пышақ, шақпағы бара жатқанда қалған болса, айсыз қараңғы т%он болса мейлі, жауын-шашын, боран болса мейлі, ж%оріп келе жатып, найзасын шаншып т±ра қалып, ал осы жерді қарай ғой дегенде, қалған-қ±тқан нәрсесін тауып алады екен: – Сен осыны қалай табасың, – дегенде жанға сырын айтпайды екен. Жалғыз-ақ Абылай хан айта береді екен. – Осының **қызыл т%олкісі** бар, – деп. Бір жорықта ж%оргенде Абылай хан біреуге қадағала деп тапсырып қойды: – Ұйықтап жатқанда қойнын ашып қарашы, – деп. Сол адам аңдып ж%оріп, қарауылда елсіз далада жатқанында ақырын басып барып қараса, мңірінің астында, тұсінің %остінде жатқан **қызыл т%олкіні** құріпті. Т%олкі жалт қарағанда %орейі ±шып, қаша жүнеліпті. Ханға келіп құргенін айтыпты. Құргені бар болсын, екі күзіне шел қаптап кетіп, күзінен айрылыпты (М-Ж., 37).

Тұрт алмажайын деген батырдың болмаса, билердің жалпы аузы дуалы кісілердің ерте уақытта үздеріне тән **иелері** болған. Ол иелері (пірлері) қиыншылық уақытта құмекке шақырса келетін болған. Б±л ауыз едебиетінде бар қ±былыс екендігін жоғарыда айттық. Олар т%орлі жағдайда құрінетін болған. Мысалы: Ер Шойынның **сары балапандары**, Батырлардың сүйлей алатын пырақтары т.б. Жоғарыда мысалда, Қабанбай мен Жидебайдың тұрт алмажайының бірі – **қызыл т%олкі** айтылады. Сонда қалған %ош алмажайыны не болды екен?. Алмажайын – деген иесі үзі бермесе ала алмайтын жайы (к%ойі) кім құрінгенге оны бермеген. Құнылі т%оскен адамдарға ғана байлаған. Б±л мәселеге қатысты кейбір жайттарға жауапты М-Ж. Құпеев шығармасынан табамыз:

Олжабай батыр кѣла тѣз далада катты шаршап келе жатып, аттан тѣсіп тѣйіктап калыпты дейді. Оянып кетсе бір сары шѣбар жылан мнѣбойын аралап жѣор екен, аузын ашып жата беріпті, егер де кірсе басын кыршып жѣлып алайын деген ой болыпты. Сары шѣбар жылан ақырын сырғып кетіп калыпты, мына неме кайда кетті деп басын кѣтеріп алса, басында отырған ақ шалмалы кѣжаны кѣреді. – Кѣжа: -Жоқ шырағым мен кѣжа емеспін, мзіннің бақ – талайын, кайып – піріңмін. Сені дию-перілер алып кетеміз деп он бес жыл аңдып еді. Мен кѣзетші болып, алдырмап едім. Бір бѣогін емес, кашан да болса жѣорсең касында, жатсаң басында болатѣғын **алмажайыныңмын**. Сені сынамақ ѣошін **сары шѣбар жылан** болып тѣла бойыңды кездім, араладым. ... Ешкімнің єруағын керек кылма, жауға шапсаң мз єруағыңды кѣтеріп «Олжабай, Олжабайлап» шаба бер. **Сары шѣбар жылан** болып, оқ бойы алдыңда тѣшып отырамын. хзін тѣогіл «Олжабай, Олжабай» деп атыңды айтқанның алдынан жау беттеп тѣра алмай, каша берер деп ғайып болды дейді (М-Ж.). Міне, алмажайынның екеуі белгілі болды. Бірі – **кызыл тѣолкі**, екіншісі – **сары шѣбар жылан**. җшінші алмажайынды мына мысалдан тѣшыратамыз. Абылай хан бір жакқа аттанарда: Бѣкәрекеңді алдырып: - Айдың, кѣоннің сѣтін сѣрайды екен, сѣуле кѣріп бер дейді екен. Сонда Бѣкәрекең: - **Сары бура** келіп сенің туыңның тѣобіне тѣрып пелен жакқа карай шабынды дейді екен. Сол айтқан жакқа бата алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер **Сарыбура** келіп туының тѣобіне шѣгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен (Абылай хан. – Алматы: Айқап, 30). **Сары бура** – ѣошінші алмажайын деп есептейміз. Тѣртінші алмажайын: Жамбыл мезгіл-мезгіл тоқ етіп тѣйіктап алатын кѣрінеді. Алақмбень уақытта мызғып барып оянып єлдебір нѣрседен карманатын зат іздеген бе, жанжағын сипанып карапты. Сѣйтсе тѣогі жѣп-жѣмсақ бір нѣрсеге қолы тиіпті. Кѣзін ашып караса – аяқ-қолын соза кѣсіліп жатқан **кызыл жолбарыс** екен дейді. Содан дереу ғайып болып кетсе керек. ...хн мен тѣостің арасындағы осы бір жағдайдың мзін дѣтке куат етіп,

малданатындық едет Жамбылды талай ажалдан алып шыққан да сияқты (Ж. Шаштайұлы, Жыр жолбарыс // Заман Қазақстан. 1996. 1 наурыз). Тұртінші – алмажайын **қызыл жолбарыс** деп білеміз. Ел арасында **алмажайын** ерт%орлі болып көрінеді. Мысалы, Кеңгірбай биден Зере Қананбайды ертіп бата с±рай барады. – Кеңгірбай: – «Тоғыз ата толғанша, т %ылігіңді ешкім ашпасын» – дейді. Олар шығып кеткен соң, – Қыкі бейбішесіне, қарашы елгілердің артында ештеңе жоқпа екен дейді. – Қыкі: Артында қасқыр ма, ит пе, екі қык бірдеңе кетіп барады, – дейді. – Кеңгірбай би: – Менің **тұрт қык бірім** бар еді, екеуі сол, депті. ...Халық жадында Елтеке Жидебай бидің (Қаракесек) иесі **екі т%олкі** болып айтылса, Тобықты Қараменде бидің иесі **қара б%оркіт** болып келген: ...Амантай батыр айтады: бірде Қалмақты шауып, бір қатынды атқа мңгеріп алып келе жатса, артынан атқа мінген сол қатынның баласы қуа шығыпты дейді. Амантай жалғыз мзі т±ра қалып қарсы алыпты. Елгі батырдың екі иығында **екі б%оркіт** қоныпты, Амантай қалай сөлем бергенін мзі де байқамай қалыпты. Сүйтіп, елгі қалмақтың шешесін қайтаруға межб%ор болған екен дейді (О. Ошанов. Д %оние ділі дәст%орде // Қазақ едебиеті. 2003. №12 (2798). 7).

Түйін. Сонымен, алмажайын: **екі б%оркіт, тұрт қык бірі, қара б%оркіт** сияқты болып келе береді. Ал, М-Ж. Қыпеев айтқан тұрт алмажайын (ие): **қызыл т %олкі, сары ш±бар жылан, сары бура, қызыл жолбарыс** деп ойлаймыз. Алмажайын – мифтік бейнелерге жатады.

Қорыта келгенде, «Тәңір (шамандық) таным лексикасы» тәңірлік мифологиялық желіден тұратыны анықталды. Олар матриархат, патриархат болып екіге бөлінеді. Діни шаманизм де аналық және аталық болып бөлінеді. Шамандық миф: тәңір + ұмай + ана + аба + абыз + абыш + бақсы сияқты тақырыпшалардың байланыстырып тұратын өзегі, діні десе болады. Ал бұл тақырыпшалар өз ішінде түрлі фонетикалық, морфосемантикалық қатынастарға түсіп, түркі елінің (тұңғысманжүр тілдерінің) де әр жерінде әр түрлі аталатыны

байқалды. Бірақ, бәрінің берер мән-мазмұны бір екендігі дәлелденді. Мысалы: а... һумаюн + энин + амин + аба + ав + ава + ене + әни + агби + абагай + инее + апа + ама + әже + абыс + абысын + аав + аву + энэ + эхе + әби + нәби + нәуи + аилби (іңгек, інген, ен (енек) а..., аб//әб//а.. т.б. Бұл сөздер түбірлес екендігі анықталды. Аталған лексиканың барлығы да Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында ұшырасады. Және де әр жерде түбір тұлғасы түрлі болғанымен, бір түбірден өрбігені байқалады. Фонетикалық өзгеріске түскені көрінеді. Тотемизмдік лексика: абжылан ~ әбжылан + оқ жылан + сары үйек + түйме + бөрі + шене + қазығұрт + ұлыма + италақаз + інген + сиыр + серке + төрт алмажайынды (Мәшһүр-Жүсіп шартты түрде ғана алған, бұдан да көп болуы мүмкін). Бұлардың бәрінің діні бір ғана тотемизмге байланған. Бұл аталған тотемизмдер де өз ішінде түрлі қарым-қатынасқа түсіп, түрлі табулық атауларға ие болған. Әсіресе, бөрі + ашин + шене + ұлыма + қасқыр + қазығұрт + башқұрт + италақаз + төрт алмажайынның бірі **көк бөрі, сары жылан, інген** бір-бірімен мағынасы жағынан ғана емес шығу тегі жағынан да бір ме,- деп ойлаймыз. Мәшһүр-Жүсіптің **төрт алмажайын лексикасы** былайша айтқанда, аталған тотемизмдердің жиынтығы іспетті. Бөрі > көкпармен, қазығұртты > италақазбен > ал, ол ұмаймен т.б. сөйтіп бірімен-бірі мағыналық жағынан қуып, жалғасын таба береді. Миф түбі жоқ терең тұңғыық. Айталық, бақсы > қамшы > қамытпен; шілде > шілдеханамен; ұмай > мая > май > италақазбен; бөрі > көкпармен; інген > іні > ін > іне > ене > енекпен қым-қуыт тығыз байланысы бар екендігі анықталды. Миф тұйыққа тірелген сияқты, бірақ ылғида қозғалысқа, өмірге әкеледі. Миф пен тіршіліктің (қозғалыс) теңдік белгісін қоюға болады.

2 Исламдық (діни) таным лексикасы

Мәшһүр-Жүсіптің жарияланған және архивінде әлі жарияланбай жатқан өлеңдері мен дастандарынан, қисса-әпсенелерінде, қарасөздерінде, шежіресінде, поэмаларында, ауыз әдебиетін жинаған үлгілерінде, би-шешендердің сөзінде, айтыстарында, аңыз-әңгімелерінде, діни дастандарында, тұрмыс-салт жырларында (төрт түлік, беташар, жоқтау, бата т.б.) халқымыздың өзге де түрлі ескіліктері жөніндегі жазбаларынан іріктеліп алынған этномәдени лексикалық материалдар тақырыптық құрамы жағынан әр тарап. Олар заттық мәдениетпен де, рухани мәдениетпен де, жалпы ономастика проблемаларымен де, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан метрологиялық тәжірибесімен де т.б. тығыз байланысты болып келіп отырады. Ақын, фольклорист, әрі зерттеуші М-Ж. Көпеев шығармаларында оның өзі өмір сүрген ортаның ғана емес, сонымен қоса қазақ халқының одан көп заман бұрынғы көне түркі және ежелгі шығыс мәдениетімен байланысты этномәдени лексикалық байлығы да, олардың алуан тілдік көрністері де солай кеңінен қамтылған. М. Әуезов қазақтың ішкі өмірін **екі үлкен дәуірге бөліп қарастырады**: *«Бұның біреуі ісләм діні кірген соңғы мезгіл. Екіншісі – содан арғы дәуір. Бұл дәуірдің біздің заманымызға жеткен белгілері болса, елдің кейбір әдет салтында да, өлең жырында, ескілікті ұғымында қалған белгілер болады. Сол белгілердің ретінде кіретін нәрселер: аспан мен отты қадірлеу; бақсы, жын, албасты, жезтырнақ сияқтыларға нану. Осылардың барлығын құрастырып, сынап келсек, ісләм діні кірмей тұрғанда қазақтың дін нанымы қандайлық болып, дүниені қалайша түсінгенін нобайлауға болады»* [138, б.18]. М. Әуезов «этномәдениет» деген терминнің орнына «ескілік» деген сөзді қолданған. Сөйтіп, қазақ ұғымындағы этнолингвистика ғылымының алғы шарттарын қалаған. М. Әуезов айтады: *«Мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды. Белдің астында көрінбей қалып отырған дүние: баяғы бақсы заманының ескілігі. Бергі*

заманға оның белгісі келсе мұсылманшылық сүзгісінен өтіп келеді, болмаса елдің ерекше сүйіп, айрыла алмағанынан келеді, не дінге кемшілік келтірмейтін әдеттер келеді. Кей уақытта мұсылманшылық пен ескіліктің бітім қылған да жері бар» – деп [138; 6.19].

Бұл пікір М-Ж. Көпеев шығармаларындағы екі дәуір ескілігінің ара-жігін ашып беруімен де құнды болып есептеледі. Күрделі ғасыр тоғысындағы дәуірде өмір сүрген М-Ж. Көпеевтің шығармашылығы аса ыждахаттылықпен, жауапкершілікпен зерттеуді қажет етеді. Себебі, М-Ж. Көпеев ислам мәдениеті мен қазақ мәдениетін мейлінше білген ғұлама адам. Оның үстіне шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетін бес саусағындай білген-мәшһүр ғалым екендігі жоғарыда айтылды. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым – дейді академик Ә. Қайдар [48, 6.13]. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларындағы діни лексика екіге: **кереметтер** (жағымды), **демонология** (жағымсыз) болып бөлінетіні зерттеу барысында белгілі болды.

2.1 Кереметтер лексикасы

Демонологияға қарсы жағымды іс-әрекеті бар лексиканы **кереметтер лексикасы** – деп атауды ұйғардық. Бұл аталған лексика оның алдындағы тәңір, ұмай, бақсы, абыз сияқты дәрежеде бола алмаса да, ғажайып кереметтер қатарынан орын алады. **Ғайып ирен қырық шілтен.** – **Қырық шілтен, ғайып ерен** бірқатарың, Барсың ғой Хызыр Ілияс мұнда! – дедім (М-Ж., 137); **Қайыперен, аушыерен,** аңның бақташысы болды. Сіз бір түн ұйықтамасаңыз, осы шатыр барлық сайманымен басыңызда болады (М-Ж., 102); **Ғайып-ерен қырық шілтен,** Баланы қолдап демеді (М-Ж., 187), **Ғайып-ерен қырық шілтен,** Құтерді жерден қауғалап (Алпамыс, 221). Тіккені саудагердің қосы ма еді: **Ғайып иран қырық шілтен** досы ма еді? (Қыз Жібек, 73);

М-Ж. Көпеев шығармасында Қайыперен, аушыерен//Ғайып иран қырық шілтен//Ғайып-ерен қырық шілтен сияқты варианттары кездеседі. Л.З. Будагов: п. جِهَلْ = جهل روزي (сокращено изъ), кир. шиллэ, сорокъ дней воздержанія людей благочестивыхъ; 40 дней послѣ родовъ; два зимніе мѣсяца, самые холодные, изъ коихъ первая часть зимы, состоящая изъ 20 дней, отъ 5–25 декабря, называется جِهَلْ كوجك күжүк жшелаһ, а вторая – изъ сорока дней, отъ 25 декабря по 5 Февр. называется اولوغ جِهَلْ сул%оғ шжлеһ, лѣтніе жаркіе мѣсяцы отъ 5 – 25 Іюня, и отъ 25 Іюня по 5 Авг. также называется جِهَلْ жшлеһ [19, б.486]. **Шілтен** парсы тілінен енген сөз, ол екі түбірден құрылған **шіл – тен**. **Шіл** парсы тілінде **чил** түрінде айтылып, «**қырық**» деген ұғымды білдіреді. **Тен** **тон** болып айтылған, қазақ тілінде дара жұмсалғанда **тән** қалпында айтылады, парсыларда чилтон (**қырық тән**) «көрінбейтін қырық қолдаушы» ретінде түсіндіріледі [139, б.26-82]. З.Х. Гуламов. *Чил сузиннинг кулдониши ва мағыналары*//Узбек чевалары лексикасы. Тошкент, 1966; «*Чилтен* – существа, незримо **существующие среди людей и обладающие сверхестественной силой**» К.К. Юдахин. Киргизча-орусча сөзлук, Фрунзе, 1965, стр. 960; [140, б.171-176]. Осыдан біз қырық

шілтен демонологиялық сипаттағы персонаж екенін көреміз. К.К. Юдахин де қырғыз тілінде ұшырасатын бұл сөзді осылай түсіндіреді. Тәжіктер **чилтон**-ды тек дара қалпында, чил (қырық) сөзін үстеп қоспай жұмсайды. Оған себеп – **чилтен** сөзінің этимологиялық құрамын (чилтонның құрамында «қырық» деген ұғымды білдіретін сөз бар) сөйлеушілер анық танитындығы. Қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдерінде этимологиялық құрамы танылмайды, сондықтан оған **қырық** сөзі қосылып айтыла береді. **Чилтон** парсылардың ислам діні кіруден бұрын қалыптасқан нанымын танытады. Х. Ғұламовтың дәлелдеуі бойынша, өзбек, қазақ тілдерінде ұшырасатын шілде (*жаздың ең ыстық, қыстың ең суық кезеңіне тұс келетін қырық күн*), **шілдехана** деген сөздер де тәжік тілінен енген. Олар **чил** (қырық) сөзінің негізінде жасалған. Айтылған сөздердің мағынасын ескерсек, бұл ұйғарым тіпті нанымды. *Шілде* тәрізді *шілдехана* да қырық мағынасының негізінде пайда болған сөз – дейді Р. Әміров [139, б.82]. Казахи называли *чильтанов* также «гайбиран» (от перс. – гайеб - скрыты, невидимый) т.е. скрытие друзья. Они могли принимать разный облик-собаки, ребенка, старика и.т.д. Как и в прошлом, казахи *чильтанов* называют «Қырық шільтен» и «Ғайыперен». Обычно эти имена произносятся вместе – «Ғайыперен қырық шільтен». У киргизов их также называют «Кайберен менен кырк чилтен» [117, б.152]. І. Кеңесбаев «қырық» чілтенге байланысты былай дейді: «Қырғыз тілінде «қырық шілтен» [«чилтен» парсы сөзі; мағынасы-көзге көрінбейтін мақұлық»] деген сөз бар; бу да діни ұғыммен байланысты шыққан сөз: «адамдардың арасында көзге көрінбей жүретін ірі алып мақұлық» деген мағынада десе [141, б.12]. Г. Рысбергенова ...агиотопоним Ғайыпереном - связан с персонажем казахской агиологии Ғайыпереном – покровителем диких животных дейді (Кан. дис., афтореф: 1983: 9). *Сыйтсе қырық шілтеннің он бесі сол т±рған ханның бір баласын қолтықтап, қолдап хан болуға осы лайықты десіп ж%ореді екен* (М-Ж., 78); *К±зыр, Ілияс, Қырық шілтен Балама менің назыр сал* (КЖ, 97); Профессор Б. Сағындықұлы: «Ғайып ерен

қырық шілтен – арабтың, көне түркінің және парсының сөздерінен құралған ғажап тіркес. Арабтың «ғайыбы» - «жоқ болып кету», «көзден тасалану», «құдайлық іс», «адам» деген мағыналарда жұмсалады. «Шілтен» парсы тілінде «қырық тән немесе қырық дене» деген ұғым береді – дейді [115, б.58]. Мысалы: *Қыс **шілдеде** Жілік ж%оғіреді, Жаз **шілдеде** К%олік ж%оғіреді* (М-Ж., 20); *Жаздық%он **шілде** болғанда, Қмкорай шалғын бейшешек ізарып мсіп толғанда* (Абай, 97); *Жаз мтіп **шілде** жетті, **шілдеде** к%он ±зын, т%он қысқа, к%оннін ыстығы сонша к%ошті, тастар, к±мдар қызып кетеді* (М. Дулат, 193); В.В. Радлов *шілда* сорокx самых жарких дней лета дейді сөздігінде [10, б.1079]. Шілде. Ол әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін отыз күндік ай ретінде қолданылып, қалыптасып кеткен (М. Исқақов, 1980: 248). *Тоқсандағы шалдардың, Қырық к%он шілде болғанда* (М-Ж., 181); *Қырық к%он шілде, қыс қалды, жаз орнында* (М-Ж., 78); *Қырық к%он шілтер ыстықта қарсы қмшіп, Бетпактың Сар даласы келіп т%ості* (ККБС, 31);

Ғайып ерен қырық шілтеннің тікелей өмірге келуіне әл-Фарабидің тетелес замандасы арабтың аса көрнекті ғұламасы әл-Газали себепші болыпты: «*Ғайып ерен – (ғайып ирен) мағынасы, шығу тарихы тіпті күңгірт. Ол он үш-он төрт жасында Индиядан араб елдеріне білім іздеп шығады. Әкесі бір соғыс кезінде Индияға қашып барған араб екен. Арабияны өз отаным деп есептейді. Жолда керуені қырық қарақшыға жолығады. Ақша талап етеді. Керуендегілер ақшасын жасырады, әл-Газали бір тиынын қалдырмай, қалтасынан шығарып береді. Таңырқап себебін сұрайды. Анам: «Құдайдан қорық, адам баласына қиянат жасама, өтірік айтпа, адалдан мал тап» – деген. «Өсиетін орындап тұрмын» – дейді. Бұл сөз қарақшыларға қатты әсер етеді. «Мына қаршадай бала тегін болмауы керек. Біз құдайдан қорықпаймыз, адамдарға қиянат жасаймыз, өмір бойы өтірік айтып, арамнан мал тауып жүрміз. Кішкентай бала құрлы бола алмадық-ау» – деп, өзара күңкілдеседі. Бәрі ақылдаса келіп, әл-Газалиден бата сұрайды. Батасы қолма-қол қабыл болады. Керуендегілердің көз алдында әлгі*

демонологиялық шілтенге тек қазақ, қырғыз халқына тән аңыздарда, жырларда жалғасын тауып, ұшырайды. Осылай екенін М.С. Андреев те **ирен** сөзінің жұмсалудың біз айтқанға жуық түсіндіреді. Ол кісі былай деп жазды: «Последние (ғайып ирен – Р.Ә.) Происходит из персидской формы **ғайб йаран**, т.е. скрывание друзия». **Ғайып** (а) ғаэб. Қызге қырынбейтін, қырынбей кетуші, жоқ болушы, тығылушы (ҚТАПС, 51). *Өз мағынасынан сәл ауытқып қолданылуы: Болжайтұғын ғайыптан жеті көз жоқ* (М-Ж., 44); – *Сен біреудің ғайыбын ашпа, Т %он сықылды перде тарт* (Шекерім, 117); *Халықтың ғайыбын қыруге бек қырағы, Бір алуға бетінен итше қауып* (М-Ж., 51);

Р. Әміров: Қазақ фольклорлық **ирен** және жалпы жұмсалатын **жаран** бір түп – **йарене**-ден дара-дара дамып шыққан болу керек. **Жаран** – парсы сөзінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына түсіп, еркін сіңуінің нәтижесі. **Ирен** аталған тіркес құрамына еніп, қазақ тілінде сөйленушілерге лексикалық даралығы еленбегендіктен, парсы тіліндегі қалпына жуық түрде сіңген. Персидско-русский словарь, М., 1953, 355 б; (Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области т. 10. Ташкент, 1846. Стр. 44) [139, 6.82]. **Ғайып ирен**: ғайып ерен, ғайып ирен, ғайып иран болып түрліше жазылып жүргенін де айтып өтті. Ғайып иран қырық шілтен-наименование сорока невидимых святых, по преданию, принимающих иногда образ птицы и помогающих правоверным мусульманам в беде, в частности, они поддерживают потерявших дорогу путникам [142, 6.290]. «Я, бабам!» – дей берді, **Еранлар** қамын жей берді (Ер Тарғын, 298); *Сол уақытта Алпамыс, Жат қылады еренді* (Алпамыс, 239); С. Е. Малов: **ерен** `мужчина`; `муж`; ерен кісе `мужчина`; `муж`; ерен йоқ сеждық `женщина без мужа`; см. ер [106, 6.26]. Ә. Қайдар: парсылық **ғайыбана** қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, бірнеше варианты болғанға ұқсайды: қайбана // қаймана // қайуана > ғайып «неизвестный, случайный, возникший из ничего» и формы наречия – **ано**. Слово ***ғайып** в казахском языке употребляется самостоятельно: ғайыптан пайда болу – «возникнуть

неожиданно, случайно», Ғайып – ерен, Қырық шілтен – «мифологический персонаж» дәм ғайып, дидар-ғайып – «неожиданной приятностью является трапеза и встреча друзей» и др. Следовательно причиной этнолингвистической неясности выражения послужило употребление в нем слова ***ғайыбана** на персидский лад, адаптировавшегося в казахском языке в двух и более вариантах: ***қайбана** // ***қаймана** // ***қайуана** и.т.д. пайда болғандығын көрсетеді [112, б.199]. «Ғайып ерен қырық шілтен» туралы әңгімелер құпия құбылыстардың бірі (Ә. Қабаев, 2000: 21).

Қожа Ахмет Иассауи «Хиқматында» **қырық шілтеннің** шығуы туралы былай деп жазады: **Чилтан-қирқ тан. Ривоят қилинишича, Мухаммад пайғамбар бир кун асхоби суффа хонақосига бориб эшик қоқибди. Ичкаридан «Кимсан?» деген овоз эштилибди. «Пайғамбарим буюрмишки, сизларии зиёрат қилсам», дебди Мухаммад алайхиссалом. «Бор пайғамбарингнинг гапини умматига иитмитетказ, бизнинг пайғамбарга мухтожлигимиз йўқ», дейишибди сўфийлар. Пайғамбар орқага юриб қирқ қадам босган экан, тангиридан хонақога қайтишга амр бўлибди. Бу гал хам «Кимсан?» деген савол такрорланибди. «Расулим буюрмиш ...», – дебди пагамбар. «Бу жойга расул сиғмайди», деган эътироз бўлибди. Мухаммад изига қайтган захоти Оллохнинг ўша амри такрорланибди. «Кимсан?» «Саййидул қавм ходимул фуқаромен», – дебди пайғамбар. Ана шу тапдан сўнг эшик очилибди. расул сигмайди» Хазрати Мухаммад ичкарига кириб қарасаки, ахли суффа ўттиз тўққиз кишидан иборат, эмиш. Пайғамбарнинг «Сизлар кимсизлар?» сўроғига улар «Қирқларингиз, дилу жони бир кишилармиз», дейишибди. «Бу сўзнинг исботи керак» – дебди пайғамбар. Ўшанда Хазрати Али хам уларнинг орасида экану лекин ўзини танитмабди. Қирқлар «Биримиздан қон оқса, барчамиздан хам қон оқади», – дебдилар. Шунда Хазрати Али тиғда қўлини тилганда бирданига ўттиз саккиз кишининг қўлию товонидан қон оқа бошлабди. Пайғамбар албатта бу ходисотнинг сири билан қизиқибди. «Биттамыз**

ташқарида, – дейишибди улар, – бизларға озиқ – овқат тониб килишга чиққан. Бу қон унинг қўлидан томчилаётган эди...» Хазрати Али қўлининг кесилган жойи боғланиши биланоқ; бошқалардан томаётган қон хам бир зумда тўхтабди ... Пайғамбар шу қирқ биродар билан рақсу самоъ қилганлиги тўғрисида хам нақллар битилган (Ахмад Яссавий хикматлар. – Тошкент: Ғафур Ғўлам номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти. 1990. 205 б.). Л. Будагов *сиб тат. челдэ, сдлаться берменной* (о животн.) деген тағы бір мағынасын көрсетеді [19, б.400].

Түйін. Қырық **шиллэ** қырық к%он жақсы қмңыл-к %оюде болу, имандылық жағдайда к%онін үткізу; босанғаннан кейінгі қырық к%он; қыстың ең суық екі айы; Мәшһүр-Жүсіп те жаздың аптап ыстығын **шілде**, қыстың ең суық күндерін **шілде** деген. Ғайып > қмрінбейтін, дос. Ерен > адам, кісі. Қырық > қасиетті сан. Шілтен > парсыша қырық (синоним). Ғайып ерен қырық шілтен > шілде > шілдехана. Мәшһүр-Жүсіп бірнеше вариантын: **Қайыперен, аушыерен, иран, еран діни ұғым шеңберінде** қолданған. Ә. Қайдар: парсылық **ғайыбана** қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, бірнеше варианты болғанын атап көрсетеді: қайбана // қаймана // қайуана > ғайып. Қайуана кейуанаға дейін ұласқан. Ғайып ерен қырық шілтен **төрт тағанды ескіре бастаған кереметтер** жатады. Оның өз мағынасынан басқа құрамындағы әр лексиканың да мағыналары бар. Бұлардың бәрі сайып келгенде өз ішінен шыққан мағынамен тығыз байланысқа түседі. Бұл аталған кереметологиямен Бабай Түкті Шашты Әзиз семантикалық жағынан бір-біріне жуық-мәндес екендігі байқалады.

Бабай Түкті Шашты Әзиз. Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей, елдігі, жұрттығы көзге көрініп білінбей жүрген күнде қазақ ортасында **Бабай түктес Шашты Әзиз** делінген диюана болыпты (М-Ж., 78). **Бабай түкті шашты Әзиз**, Керемет қонған пір еді (Орақ - Мамай). Бабай Түкті Шашты Әзиз - (Баба-Туклас-букв.: волосатый прадед. Легендарный покровитель батыров, в ряде преданий - мифический родоначальник племени мангыт, слывет среди казахов святым. По «Сборнику

летописей» Жалаири, Баба-Туклас является сыном Керемет Азиза. Чудодейственного Азиза. По другому источнику, Баба-Туклас-Азиз – потомок Абубекра в пятнадцатом колене, государь в Мекке (Хальфин. Жизнь Чингис-хана и Тимура. Казань, 1822; Г.Н. Потанин. Отрывки из киргизского сказания о Идыге. (Из записей Ч. Валиханова. «Ж.ст.», 1891, вып. IV, стр. 156-158). Баба түкті шашты Әзиз-святой старец, традиционный персонаж казахского эпоса. По мусульманским легендам, шашты Азиз-один из восьмидесяти восьми пророков [66, б.289]. Это культовые названия-сигнификаты с компонентами ана «мать», ата «отец», «дед», бап//баба «покровитель», әулие «святой», обычно присоединяемые к именам исламских проповедников, реальных исторических лиц (К.К. Рысбергенова. 1993: 13). С. Бизақов баба – арғы ата, үлкен ата. Қыдыр баба-қолдаушы аруақ, демеуші әулие. Баба түкті шашты әзіз-қолдаушы, хауіп-қатерге ұшыраған адамға көмек көрсететін әулие дейді (1990: 19). Солардың бірі – Баба Түкті Шашты Әзиз. Ол қазақтың «Алпамыс» жырынан белгілі. Тарихта болған адам (Ә.К. Қабаев, 2000: 21).

Түйін. Бабай Түкті Шашты Әзиз **екі тағанды** кереметтерге жатады. Оның **ғайып ерен қырық шілтенге** қарағанда мағынасы жаңарғаны көрінеді. Әр лексиканың мағыналары құрамындағы сөздердің тұтас мағыналарымен байланысты болып келеді. Адамдарға жақын болғаны оны діни мифологиядан алыстатқан. Мәшһүр-Жүсіп бұл – кереметтерді діни мағынада жиі қолданған. Бабай Түкті Шашты Әзиз бен Қызыр Ілияс іс-әрекеті мен қызметі өте ұқсас діни кереметтер. Екеуінің арасында бәлендей айырмашылық жоқ.

Қызыр Ілияс. *Жасаған, айтқан сөзім тұс келтіріп, Үйіңе Қызыр-Ілияс күнде қонсын* (М-Ж., 113); *Қырық шілтен, ғайып ерен бірқатарың, Барсың ғой Хызыр Ілияс мұнда! – дедім* (М-Ж., 137); *Құзыр, Ілияс, Қырық шілтен Балама менің назар сал* (ҚЖ, 97);

Құзыр Ілияс – Роль Хызыра или Кузыра, которого Е.Э. Бертельс определяет как существо «не божественное, но обладающее вечной жизнью» (Низами. М., 1946, стр. 643), близко к роли пророка Ильи

и святого Николая. Хызыр приходит на помощь заблудившимся путникам, людям, погибающим в пустыне. По повериям, Хызыр нашел источник живой воды, которая делает людей бессмертными. У казахов Хызыр признавался за пророка, приносящего счастье и богатство; с Хызыром связывались понятия и обычаи гостеприимства («Этнографическое обозрение», № 4, 1891, стр. 28-35) [142, б.292]; Следует указать, что в науке существуют различные суждения о Кызыре. В Бартольд пишет: «Легенды о Хизре носят явно немусульманский характер, хотя распространены только среди мусульман, и самое имя Хызра представителям других религий не известно. Хызр не назван и в Коране... В образе Хызра слились в одно цело легенды различных времен и народов, от вавилонского Гильгамеша до ветхозаветных Еноха и Ильи..., иногда Хызыр и Илья упоминаются рядом, причем Илье приписывается власть над пустынями, Хызру - над водами и культурными землями. Хызр появлялся странникам и подвижникам чаще всего в образе старика, подвергал их испытанию и выводил их на прямой путь» (В.В. Бартольд. Ислам, II, 1918, стр. 59). Е.Э. Бертельс полагает, что «Хызр - вечно живой пророк..., знающий все, таинственный помощник. Возможно связь легенды о Хызре с легендой об Агасфере; Хызр считался помощником тех, кто сбился с пути в степи или пустыне». (Низами. Искандер-намэ, ч. I, 1940, стр. 60, 371, 379) [143, б.318].

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп **Қызыр Ілияс** екеуін кейде екі бөліп қолданады. Олар ерекше құдірет иесі ретінде көрінеді. Қызыр // хұзыр // құзыр сияқты варианттары ұшырасады. Бұл екі тағанды кереметтер қатарына жатады.

Алып. – Әуп! – деді алып Мұқан, көтерілді, Қылау құрлы көрмеді, түрегелді (М-Ж., 220). Көк алыптар онан көп (Манас, 281).

М. Қашқари **Алп:** алып, батыр. Алр jaғda авчақ чоғыда: Алп иағыда, алчақ чоғыда – дейді [9, б.70]. Будагов тур. дж. **الب, الپ** алп, алып атлетъ, герой, богатырь, **الب ارسلان** богатырь - левъ (прозвище; у кочующихъ племень часто даются такіа прозвища съ названіями животныхъ, какъ въ ярлыкѣ

Седаеть Гирея: алып қара герой-скотина, малы скотинникъ, қойы овчиникъ; ақ қойы бұлай баранъ, боз қойы сұрый баранъ, бай қара богатая скотина, жна қара душа скотина , и пр.) [19, б.80]. Немесе: Л. Будагов алып, алп $\text{الب}=\text{إلب}$ алып - герой [19, б.812]. Г. Потанин алп - великан [143, б.127]. В. Радлов алып - 1) герой *алып* **külük* великий герой [10, б.384]. *Күлік сөзін Мәшһүр-Жүсіп қырғыздың жүйрік дегені дейді. *Жаз шілде де күлік жүгіреді, қыс шілде де жілік жүгіреді* деп-ті - ақын. Күлік > сәйгүлік > көлік. Қаз. *алып.*, чув. *олөп.*, *улөп.*, `герой; исполин; мифический предок - великан` происходит от общетюрк. *алп* `герой, богатырь, главарь` (см. *алп.* `старшина`) М. Мусатаева: Л. Шеляховская бұл - сөздің этимологиясы әлі онша белгілі емес, бірақ аздаған жорамалдар да жоқ емес - деген [87, б.139]. Тат. дил. *алап* `великан` (ТТДС: 32) *алып* сөзінің жаңа фонетикалық модификациясы болып қана табылады. *Алап* сөзі `үлкен корзина, қорап - тың әсерінен де өзгеруі де мүмкін *Алп, алып* түбірінің көптеген дериваттары бар тат. диал. (Волга говарларында) *алпа* - `күресте жасалған айла`, сиб.-тат. *алпырка*- `күшейтуге бағыттау` чув. *улпут*, тат. *алпавыт* `бай кісі` < др.-тюрк. *alpaüt* `батыр, көне дәстүр бойынша жекпе- жекке шығу`, тат., башк. письм. *алпа, алпак* `батырлық, жеңіс` т.б. (алт. мағынасы өзгерген олбук `жеңіс`). Сол сияқты қаз., қуман., башқ., тат *алпар, алпер* `батыр, ер`, мүмкін *алпар* сөзі *алп ер* - ден шығуы `батыр - ер` (Rasonyi 1967: 135, Словарь справочник... 1973:31-32). Немесе *алпар* сөзі монғ (түріктің) *эр-бар* жолбарыстың үстіне мінетін *ер, батыр*` (эр-бар > элбар > алпар шығуы да мүмкін (А.А. Реформатский Введение в языкознание. - Москва: Наука, 1960). Бұл жөнінде ібіліс бөлімін де қараңыз. **Алып** сөзі жалпы түріктік эпикалық батыр Алпамыс (ең алғаш Алып-Манас `ақшыл түсті ат мінген батыр`), қараңыз Жирмунский 1960: 140) қаз., тат., баш. Алпамыс, Алпамыш, Алып Мәмшән т.б. [2, б.18]. Т. Байжан: **Алып** - батыр, ер, балуан түрінде қолданылатынына көңіл бөлген (Қазақ әскери лексикасының тарихы, 1993: 157). **Алып** көне түрік

ұғымындағы ешкімнен жеңілмейтін, жақсылық иесі діни мифология.

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев *Алып* сөзін **киелі** сияқты санамағаны байқалады. Көбіне эпитет орнына қолданған. Бірақ, *Алып* түркі елдерінің көбінде діни мифтік тіршілік иесі болып саналады. Алыптың мифтік кереметтердің бірі екенін қазақтар шыны керек біле де бермеуі мүмкін. Ол өзінің алғашқы мәнінен айрылып қатардағы (дәу, үлкен, күшті) сөздерінің синонимі сияқты қолданылады. **Алыппен** мән-мазмұны бір көне сөздің бірі ол – **шайхы**.

Шайхы. *Мәдине бастығын шайхы дейді екен. Құнанбай қажылыққа барған жылы (1874) екі шәріптің шәріптері, шахылары бас қосып, қазақтарды алдарына алдырып сұрапты. Бұл қыпшық екеу. Бірі шайқы – бұрқы диуананың дұғасымен бір кісімен тоқсан екі ұл туған, бәрі де өсіп-өніп, ел-жұрт болған* (М-Ж., – Б. 10-11).

Қ. Халид **шайх** (шейх) – арапша шал, кейде ұстаз, кейде пір, кейде әулие ретінде, қазақта ауыл ақсақалдары мағыналары ауысып қолданылады [57, б.281]. Шайхы – ескі. Діни ұғым бойынша шарапаты тиетін қасиетті диуана. (Уст. Юродивый, бесноватый, одержимый, поющий, духовные песни и занимающиеся «лечением» больных знахарь) (Бекмұхаметов, 184). Шайхы – зат. Діни ұғым бойынша шарапаты тиетін қасиетті диуана (ҚТТС, 235-236). **Шайх**: 1) қарт, қария, құрметті кісі; 2) **шейтер** палатасының мүшесі, сенатор; 3) **шеих** – ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни, рухани көсем; 6) ғалым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші (Н. Оңдасынов, 235-236); **Шайх** пен **шах** семантикалық мағыналары бір сияқты.

Л. Будагов п.شاه **шаһъ** мн. شاهان шаһан, царь, монахъ; шахідъ свидетель – очевидец [19, б.663]. В. Радлов **Чäһ** – богемія [10, б.1959]. **Шаһ** - владѣтель

Персіи [10, б.941]. Ә. Диваев: Шейх арабша қарт кісі, жасы және адамгершілігі бойынша да құрметті адам; тайпаның, философиялық мектептің немесе діни қауымның, дәруіштердің мистикалық ордендерінің бастығы, жалпы алғанда, діни басшы, мысалы мүриттердің, яғни өз шәкірттерінің басшысы

[134, б.243]. *Шайх* пен *шайыр* түбірлес сөздер болуы мүмкін. *Шајыр* - пәвец, поэт [10, б.946].

Шариф. *Жайларда Харам - Шариф жүрдіңіз бе?; Тауап қып айналдыңыз Руза Шариф* (М-Ж., 243). Л. Будагов: شريف шерифъ -мн. شراف, شراف, әшраф, благородный, священный, святой, такъ называются люди изъ потомковъ Мухаммеда; титуль правителя Меккеи, асраф (*сравнит*) благороднѣйшій, знаменитѣйшій, шройы два священ. города: Мекка и Медина, ауқат шрқары священ: времена (иногда означаетъ: часы пятивременной молитвы вмѣсто ауқат жсие), ваше благородное здоровье (каково?). Қазақша транслитерациясын біз жаздық [19, б.667]. Шәріф: атақты Шәріп (Рүстемов, 113). **Шериф** в мусульманских странах – почетный титул мусульманина, претендующего на происхождение от пророка Мухаммеда. **Сейд** - у восточных народов, исповедующих ислам, почетный титул мусульманина, претендующего на происхождение от пророка Мухаммеда, **сеидами** объявляли себя многие монархи, в том числе бухарские эмиры и хивинские ханы (Словарь иностранных слов. М-79). Афақ – шаш сақалы аппақ қожа. Тегі жағынан пайғамбармен 27 атадан қосылады. Ұстаздар былай дейді: **Шериф** Хасани, **Сайд** Хусайн, Қожа Ханфи, яғни анасы Фатима болған. Хасан тұқымына «Шариф», Хусайн тұқымына «Сайд» Шешесі басқа Мұхаммед Ханафия тұқымына «қожа» аты берілді. Сайд пен қожа тұқымынан «миас» (орта) болып өзгерді (Қ. Халид, 92). **Сайын** – қыран. **Сайб** ер, батыр. **Сайб** – халық батырларын теңеу, лақап ат. Эпитет народных богатырей. **Сайын қыран ерлерім** (Ж. Жабаев) (Қазақ тіліндегі араб – парсы сөздері. 1977: 148). **Саид** – қазақша шейіт – дін жолында құрбан болған адам [3, б.191]. Будагов былай дейді: Сейіт ата Хиуадағы ең қасиетті ата. Ол Асмамур ата, Аят ата, Тоқмақ ата сияқты пайғамбар (1869: 8). Шайх – деген сөздің қолданылуы мәнісі – ақылгөй кәрия дегенге тура келеді дейді Қ. Жұбанов. Сайд > сайб > сайын (сайыб) болып дыбыстық өзгеріске түскен болуы мүмкін.

Түйін. Шах > шахмат > шахлар > шайх > шайыр > шейх > шериф (ағылшынша **sheriff**-шери`ф-сотың орындаушысы) > шәріп > сейіт > сайд > сайыб (сайыб қыран) > сайын (сайын батыр) > шейіт (шейіт болды) > шурәфа > әшраф > шайхы бәрі-бір түбірден өрбіген лексикалар екені дәлелденді. Шайых > абыз > бақсы > алып мағынасы бір-біріне жуық атқаратын қызметтері бірдей лексика екендігі анықталды. Мәшһүр-Жүсіп шәріп, шайық сөздерін қатар ұстаз мағынасында қолданған. Екі сөздің синоним екендігін білмеуі де мүмкін. Шайық пен қызметі жағынан тең түсетін кереметтердің бірі – Қожа.

Қожа. *«Қарасы бар ішінде, **қожасы** бар, Бір айтылған таңсық сөз көпке жайып»; Тіліміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, еліміздің билігі «алла» ұранды **қожада**. Бірде-бірінің бұшпағы қанамай, бізге күн көру қайда. Жас иісті баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты **қожа** кез келіп, қона қалыпты (М-Ж., 10).*

Қожа зат. 1. Діни, Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтарының ұрпағы, мұсылман дінінің өкілі. Қожа зат. 2. Үй иесі, отағасы; бір нәрсені билеуші, меңгеруші (ҚТТС. 7 том. 1976: 327). Қожа – Мұхамметтің алғашқы халифтерінің ұрпағы, ертеде қазақ, т.б. халықтар арасында мұсылман дінін таратушы (ҚСЭ, 1975: 578); Қазақ тілінде: «*Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ*» деген фразеологизмнің құрамында «қожа» сөзі кездеседі. Ә. Қайдар: «...что данное выражение своим происхождением связано с древними традициями провопорядка власть **ажа** – «женщины – предводительницы рода и племени (отсюда и: каз. әже, кирг. еже, уйг. ача, тув. алт., ажа и др. – «старшая женщина в роду») и қожа – «хозяина рода и племени» (этот термин, вероятно, не связан с религиозным названием «ходжа»), чьи указания и приказы, замечания и предупреждения для членов общества были непрекословными» – дейді [112, 6.19]. Р. Сыздықова: **қожа** сөзі басқа тілден енген сөздің өзінде ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамаған. **Қожа** сөзі діни атау десек, қожайын ие деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл жерде **-йын** қосымшасының жалғануы

арқылы жаңа бір атау туып тұр. Қожайын – үйдің иесі, ең қадірлі адам, үйдің құдайы десе де болады [144, б.143-256]. Г. Потанин: Ходжа – потомок пророка [143, б.153]. Л. Будагов: тур. ад. قوجه коджа, 1قوجا) старый, пожилой, старикъ (сол сияқты قوجهمان қожаман). 2) мужъ, супругъ. 3) большой, огромный, قوجهك қожажә, старишок, قوجهلق қожалқ, старость, قوجامان қожаман, дряхлый, престарелый, قوجهقاري қожа қары, старая женщина [19, б.72]. Л. Будагов: Ходжа бухарцы и сирийские арабы произносят хаваджэ) старецъ, старшина, господинъ, богатый купецъ, хозяинъ, учитель, профессоръ, хаваджэ называются потомки халифовъ Абу-Бекра и Омара т.б. көптеген мағынасы бар [19, б.539]. Қожа > мұсылман дінінің өкілі. Хожа – У казахов так назывался один из родов. Представителей этого рода считали потомками Мухаммеда. В переносном смысле «қожа» – хозяин (ҚЖ, 1963: 284).

Қожа сөзі **ие** сөзінен айырмашылығы қожайын ер адамның рухын бейнелейді. Чув. *šu xozі* ~ мар. *Büd oza*, удмуртарда солай аталады. *Vu knzo* көбіне шал бейнесінде көрінеді (Holmberg, 1913: 68; Wichmann 1901: 52-55). Хужа – қожа: тат., башк. тілдерде `қожайын, үй иесі` ретінде және `ері, отбасы` диалек. белгілі (ТТДС: 463; БНН II: 284). Қожа сөзінің мифологиялық бейнесі орал, шоқынған татарларда кездеседі. Қожа деп қасиетті рух иелерін де атаған. Су иесі – Мухаметқали, жер иесі – Сөнгатулла, пайғамбар негізі – Данил, араның иесі – Зөнбер ата, ат иесі – (Хәлил) құс – Гамбәр ана т.б. Кейбір иелердің аттары ауысқандығы байқалады. Қожа: шув., *хоҫа*, *хуҫа*; мар., *козя*, *озя*, удм., *кузо*, *квазь*, коми *козя*, морд., *кузя*. `қожайын` мифологияда қолданылады. Бұл парсы сөзі монғол бұлғар дәуіріне дейін-ақ (қараңыз: коми *козя* `моншаның рухы`) болып өзгеріске түскен. Парсы тілінде *хужа*, *хожа* `ие` мифтік қасиетке ие емес, тек қана құдайдың синонимі ретінде айтылады. Кейде `мырза` деген сияқты қолданылады. (Салыс.: өзб. Насредин афәнді` Қожа Насредин – `Мырза Насредин` – Ходжа Насредин). Софылық-сектанттық ортада *хожа*, *хужа* деп діни адамдарға мүриттерге, ишандарға айтылды. Көне иран тілінде **хожа** сөзіне қарама-қарсы

khwata, khwaja `билеуші, билік` мифтік мағынада қолданылды. Осы сөзден барып парсының *хида, хидая* > тат. **ходай** `құдай, о құдай` шыққан – деп жазды Ахметьянов [2, б.28]. Төрт түлік малдың өз иесі: жылқының иесі – Қамбар ата, сиырдың иесі – Зеңгі баба, қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, ешкінің иесі – Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Ахметьянов парсы тілінде қожа (хужа) жожа `үй иесі` онша мифологиялық мәні жоқ дейді. Кейде **қожа** сөзі құдайдың синонимі ретінде ғана көрінеді дейді. Расында да парсы тіліндегі қожа `қожайын` мифологиялық мағынасын сақтамады. Көбіне `мырза` сияқты мағынада қолданылады. Мысалы, Қожа Ахмет Иассауи, Жандарбек қожа т.б. Қазақ тілінде қожа жанама ат сияқты көрінгенмен қожа аты бойында діни имандылығы бар адамды ерекше қасиет иесі ретінде бағалайтын дәстүр ел ішінде әлі де сақталды. Қ. Жұбанов: «хожалар» өз алдына ұлт та емес, ұлтты құрайтын ру да емес, рудың бір бөлігі де емес, тек сол жергілікті көпшілік қауымды құраушы бірлік (единица) қана. Сондықтан Ирандағы «хожалар» ирандық, Афғандағы «хожалар» өзбектік, Қазақстандағы «хожалар» қазақтық бірліктер болып шығады. Ал, Хожа Ахмет Иассауиді алсақ, ол қазіргі Түркістан қаласының әкімшілік аймағындағы сол өз кезінің бұқара халқының құрамындағы болып келген қыпшақтар мен қаңлы руларының бірінен тараған единица (бірлік) еді дей аламыз – дейді [103, б.296].

Түйін. Қожа о бастағы пайғамбарлық қасиетінен қазір аздап айрылды. Мәшһүр-Жүсіп Қожаны қасиетті «алла» дәрежесіне дейін көтеріп қолданған. Қазақтар «қожа» – деп Баланы сүндетке отырғызатын адамдарды келемеждеп айтқан. Бұл әсіресе, кеңестер дәуірінде қатты байқалды. Қазір қожа-молда өзінің алғашқы қасиетіне ие бола бастады. Қожа > ожа > ожо > ажа > әже > қожайын > коза > қара қожалақ сияқты сөздердің тууына себеп болған. Қожа мен аба (ав) түбірлес сөздер болуы мүмкін. Өйткені, әже сөзінің сілемі ана>іне>ене>эне түбірлеріне жол сілтейді. **Қ** дыбысы (қалқа- (қ) алқа) кейін қосылған протезалық құбылыс болып саналады. Қазақ тілінде «Әй дейтін ажа

жоқ, қой дейтін қожа жоқ» – деген мақал қалыптасқандығын байқауға болады. **Қожа** иеге қарағанда көбіне адамға қатысты айтылады. Қожа сияқты ғажайыптардың бірі – керемет. **Керемет** қожа сияқты көзге көрінбейді бірақ, жақсылық иесі ретінде саналады.

Керемет. *Сол нұрдан бес сәждеге бес нұр болып, От тимей жанғандығы керемет* тұр (М-Ж., 40); *Тас көтеріп өңгеріп, Кереметін* көрсетті (Қобыланды, 154); *Әулие қылса керемет, Болар ма екен жаңалық* (Қобыланды, 169); *Дуа тиген керемет, Атағы жұртқа мәлім ед* (Қобыланды, 29); *Қобыланды деген елі бар, Дуа тиген керемет* (Қобыланды), *Айналайын, жан алла, Кереметің бар, алла* (Манашұлы Тұяқбай),

Ауыз әдебиетіне кейіннен кірген. Кейбір түркі тілінде бір ғана араб сөзінен (*керемет*) `рухани мырзалық` (кәрим *كريم* түбірінен `мырзалық таныту` – мет қосымша (теке+мет сияқты) түбір мен қосымшадан екі мағыналы сөз пайда болған сияқты. Р. Ахметьянов Бірі – керемет мұсылман теологиясының термині; екінші – керемет фетиштердің тілділерінікі. Арабтарда және басқа мұсылман халқында керемет `*пайғамбар мен басқа қасиетті дін иесінің жасаған таңғажайыбы*` мағынасын берген, артынан мүриттердің дамуымен `*ишан-мүриттің керемет құлшылық етуі, мүрит құлшылық етушілерді мағына топтап алған рухани көсем*`. Татарлар `*керемет жасаушыларды*` (бәрінен бұрын рухани тұлғаны) `*керемет иесі бар*` керемет иесі – деген [2, б.31]. Л. Будагов *كرمت керәмәть* – мн. *كرامات* щедрость, милость; чудо, сотворенное святыми (напр. хождение по рѣкѣ и пр. чудо, сотворенное пророками) святой, творящій чудеса, знаменитый, дорогой, любезный [19, б.120]. Бұндай түсінікте керемет жеке жаннан бөлініп, басқаларға қонатын, тұқым қуалайтын қабілеті барлығы көрінеді. Қазақстанда *керемет* культі мүриттердің дамуынан кейін орын ала бастады. Мысалы, Орта ғасыр жазбаларында Қожа Ахмет Иассауи т.б. шығармаларында *керемет* жиі айтылады. Татарларда бұлғар дәуірінің ишан-мүриттері, қасиетті дін иелерінің молдалары өте көп болғандығын жазады (Муслима, Маржани т.б. тарихшылар). Дегенмен бұл

мазарлар мен зираттар татарларда нақты өзі емес болуы да мүмкін. Орта Азия мен Таяу шығыста мұндай мазарлар мен зираттар өте жиі кездеседі. Ишан-мүриттер адамдар алдында өздерінің беделдерін көтеру мақсатында бәрін білетін, күнәсіз, тіпті құдаймен тікелей тілдесе алатын болып көрінді. Сондықтан олар татарша *изге`қасиетті` ~ чув. ыра`* (тат. диал. ару) *`таза`* немесе *ие, қожа (қожайын)* аталды. Көнеқыпшақ ауыз әдебиетінің сөзі *керемет* әр тілде түрліше айтылды да мысалы: тат. *кирәмәт* тілдік болып қабылданып *керемет* деген қасиетті сөзге қарама-қарсы мағынаға ие болды. Сөйтіп, көне дәуірде қасиетті рух иелерінің мазарлары аты болған керемет (кәрәмәт) *кирәмәт* өз мағынасын кеңейтіп басқаша аталатын болды. Бұрынғы обалар мен кейінгі күмбезді мазарлар қазақтардың ең қасиетті, бас иіп, аруаққа құлшылық ететін орындары – дейді Ш. Уәлиханов [3, б.175]. Мысалы, қазақтарда Қожа Ахмет Иассауи, Мәшһүр-Жүсіп, Әлемнің жеті кереметі т.б. мазар – мавзолейлерін *керемет* дейді. Тіпті, жеке тұрған, бұлақ басындағы ағаштарды да *керемет* деп, басына әлем-жәлем байлаған. *Кирәмәт* татар ертегілерінде ашуланшақ, онша жақсы да емес, бірақ, қорқынышты да емес; жай ғана рух иесінің контоминациясы кире (кері) *`жеккөрнішті, кері кеткен, тыңдамайтын, жолы болмайтын`* мағына береді [2, б.32]. Қазақта **керемет** (чудо, чудесно, превосходно, восхитительно); керемет қуаныш, құдайдың кереметі т.б. Арабта – *қарамат* (щедрость, великодушие, чудо); татарда – *кирмәт*; марийде, удмурдта – *керемет*; мордвада – *керемет* (место пребывания злого духа); шувашта – *керемет* (место пребывания злого духа, место где совершали моления духом, языческим богом). С. Талжанов **керемет** сөзін ислам дәуірінен бұрын мордва, шуваштарда қолданғанын айтады [145, б.100]. Ш. Уәлиханов: Алатау қырғыздары тұқсан деген түрік сөзімен, яғни тоқсан деген сөзбен береді, ал енді біздің қазақтар бұл ұғымды беру үшін «хасиет» деген араб сөзі мен **керемет** деген фин сөзін пайдаланады – деп, **керемет** сөзін фин сөзі дейді [3, б.245]. Керемет – 1. Өте жақсы, тамаша, үлкен, зор. 2. Миф. Таңғаларлық,

ғажап іс (Бекмаханов, ҚТАПС, 1977: 88). *Керемет* өзб. *карамат*, қаз., қырғ., құмық. *керемет*, *карамат*. **Каромат** – сүфийликда каромат икки хилдир: 1. Каромати ковхийяхавода парвоз этмоқ ва шу тарзда моддий оламдан юксалмоқ. 2. Каромати илмийя, – алдунний улум, яъни Худо томонидан ато этилған илохий илмлар билан кўрсатиладиган кароматлар (Ахмат Яссавий хикматлар, – Тошкент: 1990, 252).

